



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚҰРЫЛТАЙ РЕГЛАМЕНТІ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ?



Еліміздің жоғары заң шығарушы ұйымы – Құрылтайдың жұмыс істеу тәртібі бекітілді. Осылайша депутаттар қызметінің қағаз жүзінде ғана емес, нақты саяси практикада сыналатын кезеңі басталды. Регламентте жаңа жоғары өкілді органның қалай жұмыс істейтіні, халық қалаулыларының қандай құқықтары мен міндеттері бар екені, Үкіметпен қарым-қатынасы, өңірлермен байланысы және қоғам алдындағы ашықтығы осы құжатта белгіленген.

(Жалғасы 3-бетте)



ОРАЙЫ КЕЛГЕН Әңгіме

Серік ЕРҒАЛИ, мәдениеттанушы:

«КӨКПАР КӨПШІЛІКТІ БӨЛШЕКТЕЙТІН ЕМЕС, БІРІКТІРЕТІН ҚҰНДЫЛЫҚҚА АЙНАЛУЫ КЕРЕК»

– Серік аға, сізді ұлттық мәдениеттің өзекті мәселелерін қоғам талқысына салып, оны шешудің баламалы жолын ұсынып жүрген кәсіби маман ретінде танимыз. Қырғызстанда өткен VI Көшпенділер ойынынан кейін спорт сарапшылары көкпар ойынын реформалау керек деген пікір айта бастады. Бұған не дейсіз?

– Ойынды реформалау деген дұрыс сөз емес. Оны спортқа айналдыру керек. Біз бұл екеуін әлі ажырата алмай келеміз. Бұл туралы мәселе мен шешімдерді 2024 жылғы V Көшпенділер ойыны аясындағы конференцияға салғанмын. Оны түсінгендер де, назарға алғандар да болмады. Сол мәселе енді тағы алдымыздан шығып отыр.

Біріншіден, көкпар қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік, ауғандар ойнап келген этноойын. Сондықтан соны иеленуге талас бар. Ойын болғасын талас болады, оны белгілі бір халық не аумақ өзіне тартады. Яғни, ойынды спортқа айналдырсақ ол адамзаттық құндылыққа айналады. Ал әзірге бұл көкпар атымен – қазақтың, көкбөрі атауымен – қырғыздың ғана құндылығы боп тұр. Тарих мүлде олай емес. Бұндай көзқараспен спортқа айналдыра алмаймыз. Қазір бұл Аттылар өркениетінің құндылығы тоқырап, түркілерді біріктірудің орнына бөлшектейтін көрініске айналып жүр. Мәселе, ұйымдастыра алмауда болып отыр. Стратегия мен ұғым дұрыс емес.

Бір ойынды екі түрлі атап, екі түрлі қақпа қойып, екі ойын қылғымыз келеді, одан түк шықпай жатыр. Атауына келсек, тарихи айқын атауы – көкпар. Бұл Көктің парасы, бөлшегі дегенді білдіреді. Есте жоқ ескі замандағы тәңірлік танымға сай Көкке сыйынған аттылар қауымы сол тәңірдің олжасына таласудан бастаған ритуал кейін ой-

ынға айналды. Ешкі – құрбандық, ол айдың тұрқы Түннің өкілі. Ай да жарық, оған ие болу олжаның, игіліктің нышаны. Осы көріністі бірнеше мың жылдан кейін де ата-бабамыз бір сөзге сыйғызып бізге жеткізді. «Көкбөрі» деге түркітерде ешбір ойын жоқ, тотем бар, көк төрткерге тән болған. Онымен советтік дәуірде қазақ-қырғыз 80-жылдарда таныса бастап, сол «хит» атауды алып қырғыз айғайын ребрендинг қылды. Олар «ұлақартыш» деп келді көкпарды, өзбектер тілдің метатеза заңдылығымен көкпардан шығарып «көпкар» атады. Тәжіктер «бозкаши» деді, бұл да «ұлақартыш» дегеннің қалықсы.

Енді бұл ойынды 90-жылдары егемен ел бола бастаған төрткер спортқа айналдыруға бас қатырды. Сол кезде қырғыздың кинорежиссері Болат Шамшиев футболға еліктетіп қостарапты ойынды жетілдіруге күш салды. Командалық көкпар деген бұрын да болған, оны қазақ зиялы қауымы бастаған. Спорттық форматтың басы дегеніміз осы. Бұрынғы көкпар команда емес, әркім өзінше тартып әкеліп, сыйлыққа бір отаудың жанындағы ошақ басына тастайды. Көкпардың мәресі сол. Көктің олжасын қазанға әкелу. Бірақ бұл ритуалдық ойынның жұрнағы, спорт емес.

Сонымен Болат ағамыз екі қақпаның орнына К-700 тракторының үлкен доңғалағын қойып, серкені соған салдырды. Командалар 11 адамнан болды. Солай жетіле келе 12 адамға толығып, алаңға 4 көкпаршы ғана шығатын болды.

1998 жылы Б.Шамшиев екеуміз «Алматы» қонақүйінде бір бөлмеде жаттық. Сол кезде мен өз пікірімді айтқаным бар. Бірақ ол кісі оны жетілдіріп үлгермеді, ауырды, кейін қайтыс болды.

(Жалғасы 5-бетте)



БАЗЫНА

«Әйел – отбасының ұйытқысы» деген сөз қазақ қоғамында ежелден ерекше мәнге ие. Ал ана болу – тек жеке адамның өміріндегі маңызды кезең ғана емес, ұлттың демографиялық және әлеуметтік болашағына тікелей әсер ететін құндылық. Сондықтан жүкті әйелдің денсаулығын сақтау, оның еңбек құқығын қорғау, әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз ету – кез келген өркениетті мемлекеттің басты міндетінің бірі. Қазақстанда бұл бағыттағы құқықтық кепілдіктер Конституциямен, Еңбек, Әлеуметтік кодекспен және денсаулық сақтау саласындағы заңнамамен қамтамасыз етіледі.

АНАҒА ЖАСАЛҒАН ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ ҚҰНЫ ҚЫМБАТ

Әйелдің ана болуға шешім қабылдауы оның еңбек ету, кәсіби дамуы немесе қоғам өміріне араласу құқығын шектемеуі тиіс. Жүктілік – кемсітуге себеп емес. Керісінше, ана мен баланың денсаулығын қорғау мақсатында мемлекет тарапынан қосымша әлеуметтік және еңбек кепілдіктерінің берілуін талап ететін ерекше жағдай. Осы ұстаным Қазақстанның еңбек заңнамасында нақты құқықтық тетіктермен бекітілген.

Еңбек кодексінің 6-бабында еңбек саласындағы кемсітушілікке тыйым салынған. Әр адам өзінің еңбек құқығы мен бостандығын жүзеге асыруда тең мүмкіндікке ие. Заңда жынысына және басқа да мән-жайларға байланысты еңбек құқығын кемсітуге жол берілмейтіні нақты көрсетілген. Әлеуметтік және құқықтық қорғауды қажет ететін адамдарға берілетін артықшылықтар кемсітушілік болып саналмайды. Бұл – өте маңызды құқықтық қағида. Өйткені жүкті әйелдерге берілетін арнайы кепілдіктер басқа қызметкерлер құқығын шектеу үшін емес, ана мен баланың денсаулығын қорғау үшін қарастырылған.

Кей жағдайда әйелдер жүктілігіне байланысты жұмысқа қабылданбай қалудан немесе еңбек шартын ұзартудан қорқуы мүмкін. Алайда Еңбек кодексінің 25-бабы мұндай жағдайдың алдын алуға бағытталған. Жүктілік немесе үш жасқа дейінгі баланың болуы, жалпы ереже бойынша, еңбек

шартын жасасу құқығын шектемейді. Егер жұмыс беруші еңбек шартын жасасудан бас тартса, жүкті әйел бас тартудың себебін жазбаша түрде талап етуге құқылы. Бұл норма әйелдің еңбек нарығындағы құқығын қорғаудың маңызды кепілі.

Жүкті әйел үшін ең маңызды мәселенің бірі – жұмыс орнының сақталуы. Еңбек кодексінде жүкті әйелдермен еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға шектеу қойылған. Бұл – әйелдің жүктілік кезеңінде өзін еңбек тұрғысынан қорғалғанын сезінуіне мүмкіндік беретін маңызды кепілдік. Әсіресе қазіргі еңбек нарығында бұл норманың әлеуметтік маңызы зор. Себебі жүктілікке байланысты жұмыстан айырылу отбасының қаржылық жағдайына да, әйелдің психологиялық ахуалына да кері әсер етуі мүмкін.

Жүктілік кезеңінде әйел ағзасына түсетін физикалық және психологиялық жүктемені ескеру қажет. Сондықтан Қазақстанның еңбек заңнамасы жүкті әйелдер үшін жұмыс және демалыс режиміне арнайы талаптар белгілейді. Еңбек кодексінің 187-бабына сәйкес, жұмыс беруші жүкті әйелді – түнгі жұмысқа; демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа; үстеме жұмысқа тартуға, сондай-ақ оны іссапарға жіберуге құқылы емес. Бұл нормалар – әйелге жасалған жеңілдік қана емес, ана мен баланың денсаулығын қорғау шарасы.


(Жалғасы 5-бетте)

3-БЕТ



Әйелдің мәртебесі
артқан сайын
ер адамның рөлі
неге әлсірейді?

4-БЕТ



Жастар отбасын
құруға асықпайды

8-БЕТ



Көлеңкедегі
тамыр

ОҢ ҚАДАМ

Бұл күнде жасанды интеллект барлық салаға жан-жақты енгізіліп, азаматтар күнделікті қолданатын көмекші құралға айналды. Мектеп бағдарламасында, медицина саласында жасанды интеллект ең негізгі жаңашылдыққа айналған. Мемлекеттік қызметтің де жасанды интеллект арқылы жылдам, бірегей сервиске айналғанына жұртшылық куә. Ал сот саласына жасанды интеллект әкелген оң өзгерістер қызметтің сапасын да, судьялар мен сот мамандарының жұмысын да айтарлықтай жеңілдетті.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – СОТ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ПАЙДАЛЫ ҚҰРАЛ

Сот ісін жүргізуде жасанды интеллектті пайдаланудың өзіндік ерекшелігі бар. Мұндай құралдың пайда болуы сот өндірісіндегі үлкен көлемдегі істерді талдауға, дәлелдемелерді жүйелеуге және тіпті істің нәтижесін болжауға үлкен көмек береді. Себебі ЖИ арқылы республикадағы ұқсас істер бір ортаға топтастырылған. Соның арқасында сотта қаралған істердің заңның қай бабы бойынша таразыланғанына сай жүйелеу ыңғайлы. Сонымен қатар бұл жүйе республикадағы ортақ тәжірибеге үніліп, оң мен солды екшей отырып сарабал шешім қабылдауға жағдай туғызады. Бұл жаңашылдық әсіресе бірдей істер бойынша бірыңғай тәжірибе орнықтыруымен құнды саналады. Ал бірыңғай тәжірибе өз кезегінде тек судьяның ғана істің түйінін болжауына мүмкіндік беріп қоймай, адвокаттардың, құқықтық сауаты бар азаматтардың іс нәтижесін пайымдауына жол ашады.

Осындай артықшылығы мен жаңашылдығына қарамастан жасанды интеллект ешқашан судьяларды алмастыра алмайды. ЖИ – судья үшін тек көмекшінің рөлін атқарушы. Мұндағы мәліметтер судьяға ортақ тәжірибе, қолданылатын заңдар, сот жұмысындағы қателіктер туралы сенімді ақпарат беруі мүмкін. Алайда, сот ісін таразылап,

дәлел-дәйектерді зерделеп, куәларды сөйлетіп барып соңғы сөзді айтатын тек – судья. Жасанды интеллект адам факторын ескеру, моральдық интуицияны көрсету немесе әрбір жағдайды бірегейлігіне қарай сараптауға қауқарсыз. Және ЖИ-ді орын алған қателік үшін жауапқа тарта алмайтының да түсінікті. Қателік орын алған күннің өзінде ЖИ-ді әзірлеген адам кінәлі бола ма, жоқ осы жаңашылдықты енгізуге жол ашқан мемлекетті кінәлаймыз ба, немесе ЖИ-ді жұмысында пайдаланған судьяны жазықты етеміз бе? Ал жауаптылық болмаған жерде қателіктің де орын алатыны, қайталанатыны заңдылық. Ең бастысы, адам тағдыры сынға түсетін сот алаңында қателесуге ешкімнің қақысы жоқ. Сот алаңындағы бір қателік бір ғана адамның емес, сол адамның айналасындағы талай тағдырдың бүлінуіне алып келетінін ұмытпауымыз керек.

Түптеп келгенде соттағы жасанды интеллект судья қызметін оңтайландыратын, жеңілдететін пайдалы құрал бола алады, бірақ сот төрелігін жүзеге асыратын тәуелсіз органды алмастыра алмайды.

Еркін БАЙБУТАЕВ,
Алматы облыстық сотының судьясы

МЕДИАЦИЯ

МЕДИАЦИЯНЫ ДАМУЫ БАРШАҒА ОРТАҚ ІС

Құқықтық жүйені жаңғырту халыққа ежелден тән құндылықтарға зер салуды қажет етеді. Сондай құндылықтардың бірі – билер соты, яғни, бітімгершілік институты. Заман ағымына сәйкес, бүгінде бұл атау медиация институты болып жаңғыртылып, жұмыс істегеніне 15 жыл толды.



Данияр САРЫБАЕВ,
Алмалы ауданы №2 сотының судьясы

Осы жылдар ішінде мемлекет тарапынан медиацияны дамытуға жоғары деңгейде көңіл бөлінді әлі де бөлініп жатыр. Осы ретте Мемлекет басшысы «Көршілер арасындағы тұрмыстық дау-дамайдан бастап, отбасылық мәселелерге және мемлекетаралық деңгейдегі күрделі қайшылықтарға дейін конструктивті шешім қабылдауға зор әлеуеті бар халықаралық институт ретінде Медиация институтын одан әрі дамыту қажет» деді.

Қазақстанның «Медиация туралы» заңы елдегі медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді. Азаматтық процесілік кодекске 2016 жылы татуластыру шараларын қолданудың

нормалары жан-жақты енгізілді. Атап айтсақ, 17-тарауда татуласу рәсімдері, оның ішінде медиация, сот медиациясы, партисипативтік рәсім қарастырылған.

Медиация институтында дау судьяның немесе медиатордың көмегімен реттеледі. Бұл үшін тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы өтінішхатты мәлімдейді. Тараптар келіскен жағдайда істі медиацияны өткізген судья да қарай береді. Азаматтық процесілік кодекспен медиациялық келісімге келтіру уақыты ұзартылды, сондай-ақ, судьяның құзыреті одан әрі кеңейтілді. Бұл өзгерістің медиация рәсімінің қолданыс аясын барынша арттыруға ықпалы зор болды.

Медиация бүгінде өзінің тиімділігін толықтай дәлелдеді, соған сәйкес, дау-жанжалды ортақ мәмілемен реттеудің, қоғамда сындарлы диалог мәдениетін қалыптастырудың пәрменді тетігі қалыптасуда. Бұған медиацияда тараптар мүддесінің теңдей сақталуының айрықша әсері бар.

Медиация отбасылық, азаматтық, еңбек және заңмен белгіленген өзге де дауларды шешуде кеңінен қолданылады. Ортақ мәміленің артықшылығы дауды ұзаққа созбай бітіру мүмкіндігі жоғары. Ал сот талқылауы кейде бірнеше айға созылады. Шешімді сот емес, тараптардың өздері қабылдап, күткен нәтижені көреді. Мемлекеттік баж

салығы, сондай-ақ, өзге де қаржы үнемделеді.

Ең бастысы, бұл рәсімде құпиялылық сақталады, яғни, тараптар еркін отырып, даудың екі жаққа да тиімді шешілуіне қол жеткізеді. Мысалы, сотта жеңілген және жеңген тарап деген түсінік бар, ал медиацияда дауласушылар өздерін осындай эмоциядан сақтайды. Яғни, қос тарап та медиация барысында өздерін теңдей ұстайды, «жеңілем» деген қорқыныш болмайды. Өйткені, олар дауды ортақ келісіммен шешеді. Тараптардың шешім қабылдау процесін өздері бақылап, кез келген уақытта рәсімнен бас тарта алуы үлкен мүмкіндік.

Сотта тараптарға дауды медиация жолымен шешудің пайдасы мүмкіндігінше түсіндіріледі және ондай жұмыстар нәтижесіз емес. Мұны ел соттарында медиациямен бітітетін істер көрсеткішінің алпыс пайызға жетуі дәлел. Судья-медиаторлардың жұмысы жандануда, азаматтар сот ғимараттарында ашылған медиация кабинеттері арқылы мағлұматтар алады.

Ел тарихында даулардың жүз пайызы дана билердің араласуымен шешілген, мұны ескерсек, медиацияны кез келген салада жандандыру үшін соттармен қатар, барлық азамат, әсіресе, құқық қорғау органдары, адвокатура, медиаторлар мейлінше атсалысулары керек. Олай дейтіміз, ҚР Жоғарғы Соты әкімдік, кәсіпкерлер палатасы, кәсіподақ ұйымдары, ассамблея өкілдерімен меморандум жасауға бастамашы болды. Екі жақты келісім нәтижесін беріп, қазіргі таңда барлық өңірде Ардагерлер алқасы мен Билер кеңесі құрылды. Мұндай игі істер өз кезегінде елімізде мықты медиаторлардың қалыптасуына ықпал етті.

Дау-жанжал, кез келген келіспеушілікті сотсыз реттеудегі ең тиімді тәсіл өзара бітімге келу, осы арқылы тұрақтылық пен тыныштық сақталады.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

АЙШЫҚТЫ АСТАНА

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК – ҚАЛАНЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ

Астанадағы көгалдандыру жұмыстары жыл сайын ауқымын кеңейтіп, қаланың табиғи келбетін біртіндеп өзгертіп келеді. Биыл елорда аумағында 1,1 миллионнан астам ағаш, бұта және гүл отырғызу жоспарланған. Оның 700 мыңнан астамы қазірдің өзінде қаланың көркін ашып жайқалып тұр. Бұл жұмыс қаланың алты ауданын түгел қамтып, көшелер мен саябақтардан бастап гүлзарларға, қоғамдық кеңістіктерге және жаңа табиғи аумақтарға дейін жалғасып жатыр.



Қазір Астанада 4 миллионнан астам жасыл желек бар. Ал қаланың «Жасыл белдеуіндегі» ағаш пен бұтаның саны шамамен 14 миллионға жетіп жығылған. Осылайша, елорда жыл сайын кемінде 1 миллион ағаш, бұта және гүл отырғызу арқылы өзінің жасыл қорын тұрақты түрде толықтырып келеді.

Биыл да бұл бағыттағы жұмыс ауқымды. Қала аумағына 70 мың ағаш, 600 мыңнан астам сәндік-гүлді бұта, 40,5 мың тірі қоршау өсімдігі және 400 мыңнан астам көпжылдық гүл егу көзделген. Жыл басынан бері отырғызылған көшеттердің өзі бұл жұмыстың қарқынын аңғартады. Атап айтқанда 21 мың ағаш, 303,4 мың сәндік-гүлді бұта, 28 мың тірі қоршау өсімдігі, 130,7 мың бұта және 249,2 мың көпжылдық гүл бой көтерді.

Астана қаласының әкімдігі мәліметіне қарағанда өсімдіктерді тандау кезінде елорданың табиғи-климаттық ерекшеліктері ескеріледі. Сондықтан негізінен жергілікті жағдайға бейімделе алатын, ұзақ жылдар бойы

қаланың көркін келтіретін ірі көлемді ағаштар мен көпжылдық бұталарға басымдық беріледі. Үйенкі, жасыл шетен, ұсақ жапырақты қарағаш, қызыл тал мен жұпаргүл сияқты өсімдіктер қаланың әр аумағында бой көтеріп келеді.

Көгалдандыру жұмысы саябақтар мен гүлзарлардың аясынан да асып түсті. Негізгі қалалық жол тораптарының бойында да жаңа жасыл аймақтар қалыптасуда. Мәселен, Tarlan Astana желісі, Сығанақ және Қабанбай батыр көшелері бойына ағаштар мен бұталар отырғызылып, кейбір учаскелерде мыңдаған көшеттен тұратын жаңа жасыл белдеулер жасалмақ.

Әр ауданның өз тынысы бар

Астананың жасыл келбеті оның жекелеген аудандарында атқарылып жатқан жұмыстардан анық байқалады. Әсіресе Есіл өзенінің бойында қалыптасып келе жатқан парк кластерінің орны бөлек. Президент саябағы, Бей-

бітшілік және келісім саябағы, Триа-тлон саябағы мен өзге де рекреациялық аумақтар біртұтас кеңістікке ұласуда. Есіл жағалауын көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары да жалғасып келеді.

Мәселен, шағын ғана «Есіл» ауданындағы жасыл қордың өзі аса ауқымды. Мұнда шамамен 240 мың ағаш пен 600 мың бұта, 65 мың шаршы метр гүлзар, 5 миллион шаршы метр көгал және 117 мыңнан астам тірі өсімдік қоршаулары бар. Жыл басынан бері аудан тағы 40 мыңнан астам жасыл желекпен толықтырылыпты. Керей-Жәнібек хандар, Ұлы Дала, Қабанбай батыр және басқа көшелер бойында кешенді көгалдандыру жүргізіліп, ЕХРО саябағы, ҚТЖ гүлзары мен «Әл-Фараби» мешіті маңындағы аумақтар да абаттандырылған.

Тиісті жұмыстарды дер кезінде жүргізудің арқасында «Байқоңыр» ауданында да биылдың өзінде 2 мыңнан астам жасыл желек отырғызылыпты. Ал күзде Абай даңғылы мен Кенесары, Пушкин, Жұмабек Тәшенов көшелеріне тағы 500-ге жуық ағаш пен бұта егу жоспарланған. Мұнда бытыр жасалған жұмыстың алғашқы нәтижесі де көрініп отыр. Ж. Тәшенов көшесіндегі гүлзарға отырғызылған 80 алма мен алмұрт ағашы жақсы жерсініп, биыл алғаш рет жемісін де беріп үлгерген.

«Сарайшық» ауданында да көгалдандыру жұмысы өз нәтижесін беріп келеді: мұнда 2 357 ағаш және 18 577 сәндік-гүлді бұта отырғызылыпты. Ал Сарыарқа ауданында жыл басынан бері 330 мыңнан астам жасыл желек, біржылдық және көпжылдық гүлдер мен бұталар, сондай-ақ 1 700-ден астам түрлі ағаш егілген. Күмісбеков көшесінің бойына 500-ден астам ағаш пен 2 400-ден астам бұта отырғызылып, олардың қатары қарағай, қарағаш және жұпаргүлдермен толықтырылыпты. Кенесары көшесінде жергілікті суару жүйесімен көгалдандыру жүргізіліп, «Көктал» саябағы мен тұрғын алаптарының аумақтары да абаттандырылды. «Алматы» ауданында бүгінде 97,7 мыңнан астам ағаш, 67,9 мың бұта, 28,2



мың погон метр тірі қоршау және 1,7 миллион шаршы метр көгал бар. Өткен жылы аудан аумағына 8 мыңнан астам ағаш пен 26 мың бұта отырғызылып, 20 мың шаршы метрден астам көгал мен 768 погон метр жерге тірі қоршау жасалған. Ал «Нұра» ауданында соңғы жылдары 24,5 мың ағаш пен шамамен 277 мың сәндік және гүлдейтін бұта отырғызылған. Жыл соңына дейін тағы 8,5 мыңнан астам ағаш және 132 мыңнан астам бұта отырғызылмақ.

Көгалдандырудың жаңа бағыты табиғи аумақтарға да жетіп отыр. Кіші Талдықөнде осы күзде ағаштар мен басқа да жасыл желектерді отырғызудың алғашқы кезеңі басталыпты. Мұнда басты назар жаңа жасыл кеңістік қалыптастырумен бірге қолданыстағы ландшафт пен табиғи ортаны барынша сақтауға аударылмақ.

Көшет отырғызу – жұмыстың бастауы ғана

Қалада жасыл желектің санын көбейту қаншалықты маңызды болса,



P.S. Биылғы 1,1 миллионнан астам жаңа жасыл желек осы ауқымды жұмыстың кезекті кезеңіне айналмақ. Оның әсері тек қаланың көркімен шектелмей, қоғамдық кеңістіктердің сапасынан, тұрғындардың демалысына қолайлы ортаның қалыптасуынан және елорданың сәулеттік-ландшафтық келбетінің жаңаруынан көрінбек.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
АСТАНА ҚАЛАСЫ



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚҰРЫЛТАЙ РЕГЛАМЕНТІ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

10 қыркүйекте Құрылтайдың жұмыс регламенті бекітілді. Құжат 31 тарау мен 310 тармақтан тұрады. Оның ауқымы кең. Құжат Құрылтай мен оның органдарының жұмысын ұйымдастырудан бастап, заң шығару процесіне, депутаттық сауалдарға, тыңдауларға, Үкімет сағаттарына, депутаттық бірлестіктерге және депутаттардың өз өкілеттігін жүзеге асыру тәртібіне дейінгі мәселелерді қамтиды.

Регламент бойынша Құрылтай қызметінің негізгі нысаны – сессия. Кезекті сессия жылына бір рет, қыркүйектің бірінші жұмыс күнінен маусымның соңғы жұмыс күніне дейін жалғасады. Ал сессиялар арасындағы кезеңде депутаттардың жұмысы тоқтамайды. Бұл уақытта олар заң шығару бастамасы құқығын іске асырады, заңдарға түзетулер әзірлейді және сайлаушылармен жұмыс істейді. Өңірлерге шығу үшін депутаттарға күнтізбелік он күнге дейін уақыт беріледі. Яғни, депутаттың қызметін тек Құрылтай залындағы отырыспен өлшеуге болмайды.

Мінбердегі жұмыс – депутаттық қызметтің бір бөлігі ғана. Екінші бөлігі – ел ішінде, сайлаушымен арадағы байланыста. Бұл норма әсіресе маңызды. Өйткені жаңа жүйеде халықтың «менің мәселемді кім тыңдайды?» деген сұрағына нақты жауап болуы керек. Әр депутаттың өңірі болады.

Регламенттің назар аударарлық талаптарының бірі – депутаттарды нақты өңірлерге бекіту. Құрылтай депутаты Константин Петровтың журналистермен өткен брифингтегі сөзіне қарғанда, Регламенттің 8-бабында сессия кезінде өңірлерге кемінде екі сапар жасау қарастырылған. Депутаттар белгілі бір өңірлерге бекітіледі, бұл туралы ақпарат халыққа жарияланады. Сапарлар кезінде жеке қабылдаулар, еңбек ұжымдарымен және тұрғындармен кездесулер өткізуге мүмкіндік бар.

Бұл талаптың саяси мәні бар.Өйткені депутат пен сайлаушы арасындағы байланыс тек сайлау науқаны кезінде емес, бүкіл өкілеттік мерзім бойы жалғасуы тиіс. Егер депутат өңірге барып, халықтың мәселесін тыңдаса, «тыңдалған мәселе кейін не болды?» деген келесі сұрақ туындайды. Демек, өңірге барудың өзі емес, сол сапардың нәтижесі маңызды.

Регламенттің маңызды тетіктерінің бірі – депутаттық сауал. Құжат депутаттарға Премьер-Министрге, Үкімет мүшелеріне, бірқатар мемлекеттік органдардың басшыларына және өңір әкімдеріне сауал жолдау құқығын береді. Депутаттық сауалға жауап бір айдан аспайтын мерзімде берілуі тиіс. Бірақ жаңа тәртіптің ерекшелігі жауаптың алынуымен ғана шектелмейді. Құрылтай депутаты Үнзила Шапактың айтуынша, егер жауап толық

емес немесе жеткіліксіз деп танылса, тиісті лауазымды тұлғаны Құрылтайға шақырып, мәселені жария түрде талқылауға мүмкіндік бар. Бұл талқылауға басқа депутаттар да қатысып, қосымша сұрақтар қоя алады. Бұл – депутаттық сауалдың салмағын арттыратын норма. Бұрын қоғамда депутаттық сауалға қатысты жиі айтылатын сынның бірі – мәселенің көтерілгенімен, оның әрі қарайғы тағдыры белгісіз болып қалатыны еді. Ал жаңа механизмнің логикасы – мәселені анықтау, сауал жолдау, жауап алу, жауапты бағалау, қажет болса, мәселені жария талқылауға шығару. Егер бұл тетік практикада толық қолданылса, депутаттық сауал жай ақпарат сұрау құралы емес, парламенттік бақылаудың нақты механизміне айналуы мүмкін.

Регламент бойынша Құрылтай отырыстары ашық өткізіледі және олардың трансляциясы қарастырылған. Бұл – қоғам үшін маңызды талап. Өйткені заң шығарушы органның жұмысы азаматтар үшін мүмкіндігінше түсінікті әрі қолжетімді болуы керек. Бірақ ашықтықты тек камераның қосылуымен өлшеу жеткіліксіз. Қоғам үшін маңыздысы – кім не айтты, қандай ұсыныс жасалды, қандай шешім қабылданды және сол шешімнің нәтижесі қандай болды? Сондықтан трансляция – ашықтықтың бастауы ғана.

Сонымен қатар, Регламент Құрыл-

тайдың құзыретіне жататын аса маңызды мәселелер бойынша тыңдау өткізу мүмкіндігін де белгілейді. Бұл үшін Үкімет сағаты сияқты бақылау құралдары қарастырылған. Бұл тетіктердің мәні – белгілі бір проблеманы тек депутаттардың өз арасында талқылап қоймай, жауапты мемлекеттік органдардың өкілдерін шақырып, нақты сұрақтар қою. Ал мұндай форматтың тиімділігі Үкімет мүшесі Құрылтай мінберінен мәселені мойындап қана қоймай, оны шешудің нақты жолын көрсете ме деген сұраққа тіреледі. Шын мәнінде Қоғам үшін дәл осы талап маңызды болса керек.

Регламент заң шығару процесінің негізгі тәртібін де айқындайды. Құжатта заң жобаларын қараудың кезеңдері, депутаттардың заң шығару бастамасына қатысуы, комитеттердің жұмыс тәртібі және жалпы отырыстарда қарау рәсімдері белгіленген. Бұл жерде комитеттердің рөлі ерекше. Құрылтайдың тұрақты комитеттері заң жобалау жұмысын жүргізу және Құрылтай қарауына жататын мәселелерді алдын ала әзірлеу үшін құрылады. Ал Құрылтай Бюросы ұйымдастырушылық мәселелерді үйлестіреді. Демек, заңның сапасы тек жалпы отырыстағы пікірталасқа емес, оған дейінгі кәсіби дайындыққа да байланысты.

Регламентте депутаттардың әдеп қағидаларын сақтауына да талап қойылған. Брифинг барысында Снежанна Имашева депутаттың этикасы Конституциялық заңда ғана емес, Регламентте де реттелетінін айтты. Бұл талап депутаттың Құрылтайдағы қызметімен шектелмей, БАҚ-қа берген сұхбатына және әлеуметтік желідегі жазбаларына да қатысты. Бұл қазіргі ақпараттық қоғам үшін маңызды норма. Себебі бүгін депутаттың қоғамдық беделі оның мінбердегі сөзімен ғана емес, әлеуметтік желідегі әрекетімен де қалыптаса-

ды. Депутаттың сөзі – оның жеке пікірі ретінде айтылғанның өзінде, қоғам оны көбіне мемлекеттік институт өкілінің сөзі ретінде қабылдайды. Сондықтан сөз мәдениеті, дәлдік, жауапкершілік және әдеп – депутаттық мандаттың ажырамас бөлігі.

Брифингтегі журналистердің назарын аударған сұрақтардың бірі – депутаттардың жұмысын бағалайтын арнайы КРІ енгізіле ме деген мәселе. Құрылтай төрағасының орынбасары Дәния Еспаева жеке депутаттарға КРІ енгізу заңнамада да, Регламентте де көзделмегенін айтты. Оның сөзінше, бұл жерде мәселені тек «КРІ бола ма, болмай ма?» деп қою жеткіліксіз. Өйткені халық үшін депутаттың тиімділігі бәрібір бағаланады.Тек ол бағалауды арнайы кесте емес, қоғамның өзі жасайды. Депутат қанша мәселе көтерді, қанша мәселенің шешілуіне ықпал етті, сайлаушыларымен қаншалықты жиі кездесті, депутаттық сауалдары қанша нәтиже берді, заң жобаларына қандай ұсыныс енгізді. Қоғамдық бастамалардың қайсысы заңнамалық шешімге айналды? Осының бәрі уақыт өте келе депутат жұмысының нақты көрсеткіштеріне айналатыны анық.

Осы нормалардың басын біріктірсек, Регламенттің бірнеше негізгі бағыты анық көрінеді. Олар заң шығару, мемлекеттік органдар қызметін бақылау, халықпен тікелей байланыс, ашықтық және соңғысы депутаттық жауапкершілік. Токетерін айтқанда құжатта талап бар. Ендігі мәселе – осы міндеттердің практикада қалай орындалатынында. Өйткені кез келген регламенттің шынайы бағасы оның тармақтарының көптігімен емес, сол тармақтардың халықтың күнделікті өміріне қаншалықты әсер еткенімен өлшенсе керек.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»



ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Қыркүйек айының екінші жексенбісінде қазақстандықтар Отбасы күнін атап өтті. Ресми ғана емес, әр адамның өміріндегі маңызды тетік саналатын отбасы сөзінің бүгінде қадірі қандай, берекесі берік пе, елімізде неге ажырасу фактісі ең алдыңғы проблемалардың бірі ретінде күн тәртібіне шықты? Осы мәселелерге зер салып көрейікші. Бұл мәселеде де біз көбіне әдеттегідей жалған мақтан мен баянсыз бағдарламалардың соңында кетіп жүрміз.

Мәселен, Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұсынған деректеріне сүйенсек, Отбасы күні аясында еліміздің барлық өңірінде 12 мыңға жуық адамды қамтыған мыңнан астам іс-шара өткізіліпті. «Отбасылық және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысты білімі мен дағдысын арттыруға, балалар мен жастардың денсаулығын нығайтуға, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған тақырыптық акциялар, кездесулер, семинарлар мен ағартушылық іс-шаралар ұйымдастырылды» – дейді министрлік дерегі. Ал, шындығында қазақ отбасыларындағы бүгінгі жағдай, жас отау көтергендер арасындағы қарым-қатынас осы мыңдаған мемлекеттік шарадан нендей шапағат көрді? «Қабырғалардың қаланап сәті бұйрық та, сөгіліп кетіп құлайтын шағы – тағдыры» демекші, кеше ғана айнымасқа серттескен жастардың шаңырағы неге бүгін көптеп шайқалып, бұйрық пен тағдырға мойынұсынып отыр?

Отбасы институтын нығайтуға арналған мемлекеттік кешенді шаралар легі қандай?

Рас, елде отбасы институтын нығайту – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Бұл ретте Қазақстан заңдары әйел мен баланың, ерлі-зайыптының ара қатынасындағы адами, заңдық құқықтарды құқықтық деңгейде реттеп те қойған.

Сонымен қатар 2024 жылы әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңы қабылданды. Құжатқа сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қылмыстық жауапкершілік енгізіліп, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрі үшін жауапкершілік күшейтілді. Осы заңнамалық нормаларды іске асыру аясында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға, отбасы институтын нығайтуға және көмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған кешенді шаралар әзірленді. Министрлік ұсынған кешенді шараларға назар аударайық:

Отбасыларға көрсетілетін атаулы көмекті күшейту мақсатында Отбасын қолдау орталықтарының жұмысы жаңғыртылды. Қазір елімізде осындай 160 орталық жұмыс істейді. Алдағы уақытта олардың санын 208-ге жеткізіп, Қазақстанның



әрбір ауданы мен қаласында ашу жоспарланып отыр. 2026 жылдың басынан бері Отбасын қолдау орталықтарына 50 мыңнан астам азамат жүгінді. 43 мыңнан астам отбасына консультациялық көмек көрсетіліп, 6 мыңға жуық отбасы ұзақ мерзімді әлеуметтік сүйемелдеуге алынды.

Бұл орталықтар отбасыларға кешенді көмек көрсетіп келеді. Сондай-ақ олар әлеуметтік қатерлердің алдын алуға ықпал етіп, қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарға қолдау білдіреді.

Бұдан бөлек, Отбасы және неке институтын сақтау мен нығайту жөніндегі 2025–2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленіп, қабылданды. Құжат ажырасудың алдын алуға, азаматтардың отбасылық өмірге саналы түрде дайындалуына және жауапты ата-ана мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен жүзеге асырылып жатқан «Ата-аналар академиясы» жобасы да жалғасып келеді. Оның мақсаты – отбасы институтын нығайту, ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысты білімі мен дағдысын арттыру және жауапты тәрбие мәдениетін қалыптастыру.

2026 жылы жоба аясында еліміз бойынша 40 мыңнан астам адамды қамту жоспарланған. Олардың қатарында ата-аналар, педагогтер және әлеуметтік сала мамандары бар.

Мемлекеттік отбасы саясаты аясында еңбек пен отбасылық міндеттерді қатар алып жүруге қолайлы жағдай жасау шаралары да жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді.

Мәселен, Мәдениет және ақпарат министр-

лігі БҰҰ-ның Халықтың қоныстануы саласындағы қорымен бірлесіп, «Отбасына қолайлы жұмыс орны» жобасын жүзеге асырып келеді. Бастама қызметкерлердің отбасылық жағдайы мен міндеттері ескерілетін корпоративтік мәдениетті дамытуға және жұмыс істейтін ата-аналарды қолдауға бағытталған.

2026 жылы мемлекеттік органдар мен жұмыс берушілердің өкілдеріне арналған оқыту бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама ұйымдарда отбасылық міндеттерді ескеретін жұмыс тәсілдерін енгізуді көздейді.

Бұл шаралар отбасындағы бірлік пен қолдауды күшейтіп, оның қауіпсіздігі мен әл-ауқатына қамқорлық жасауда мемлекет пен қоғамның ортақ жауапкершілігін арттыруды көздейді.

«Мен үшін отбасы деген не?»

Қазіргі қазақ қоғамы мен жаңа отау құрған, құруды жоспарлап жүрген адам еі алдымен өзіне осы сауалды қойып, оны шын жан жүрегінен өткізбей, сол өз жүрегіндегі отбасыға адал қызмет етпей қазақ шаңырағы бекімейді. 2025 жылдың қорытынды статистикасына назар салсақ, Қазақстанда 114,5 мың неке тіркеліпті. 45.5 мың ажырасу қатар тіркеліпті. Интернетте ерине, ажырасудың алдыңғы себептерінде «әйелдің мансабы», «ер адамның беделінің төмендеуі», «опасыздық», «қаржылық қиындық» сияқты себептер тұр. Бірақ, қазіргі ахуалға үңілсеңіз, отбасы институттарының шайқалуына қатысты себептер сан мың. Сондықтан әрбір қазақстандық үшін Отбасы күні – жай ғана күнтізбедегі мереке емес, бұл күн әр адамға «Мен үшін отбасы деген не?», «Бүгінгі қоғамда отбасы құндылықтары қандай деңгейде?» деген сұрақтарды ойлануға мүмкіндік беретін күн болуы қажет. Саналы адам осы сұрақтарға тереңдемесе отбасының маңызы кеми береді.

«Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ»

Біз сеніп өскен осы түсінік қазіргі ұрпақ тәрбиесіне неге сінбей қалды?

Осы сауал көлденеңдегенде көбіне қазіргі қоғам әйелдің орнын алға шығарады. Өйткені бүгінгі қоғамда ерлердің беделі төмендеді. Оған себеп біріншіден – әйелдің білім алуы мен экономикалық тәуелсіздігі артты. Бұрын әйелдің негізгі

міндеті үй мен бала тәрбиесі болса, бүгін әйел білім алады, мамандық иеленеді, жұмыс істейді, кәсіп ашады және отбасын қаржылық жағынан да қамтамасыз ете алады.

Бұл – өздігінен жаман құбылыс емес. Керісінше, әйелдің білімді, тәуелсіз және өз құқығын білетін болуы – қоғамның дамуының белгісі.

Бірақ бұл жердегі мәселе әйелдің алға шығуында да емес, бұл жердегі мәселе ер азаматтардың осы тепе-теңдікке кірігіп немесе ілесе алмай шет қалуында. Ер азаматтар қазір осы мәселеде әйелді алдыға оздырды. Лидерлік, отағалық қасиеттері әлсіреді.

Мысалы, әйел таңертең жұмысқа барып, кешке үйге келіп, балаға қарайды, тамақ дайындайды, үй жинайды, сабаққа көмектеседі. Ал ер адам отбасының негізгі міндетін тек ақша табумен ғана шектелсе, уақыт өте келе әйел де «бәрін өзім істеймін» деген сезім пайда болуы мүмкін. Бұдан бөлек, әйел отбасының барлық шешімін өзі қабылдап, ер адамды қажетсіз сезіндіре бастаса, ер адамның отбасындағы жауапкершілігі мен бастамасы төмендеуі мүмкін. Сондықтан бұл жердегі жағдай ер азамат пен әйелдің заманауи үйлесімге тең қарап, отбасы жауапкершілігін екеуіне ортақ деңгейде екшегенінде. Әйелдің лидер болуы ер азаматтың беделінің төмендеуіне немесе балалары алдындағы әкелік статусын көмескілеуіне әкелмеуі тиіс.

Бұрын бала үшін әке – тәртіптің, жауапкершіліктің, қорғаныштың символы болатын. Әкенің сөзі отбасында үлкен мәнге ие еді.

Қазір кей отбасыларда әкенің бала тәрбиесіне қатысуы азайып кеткен. Әке жұмыстан шаршап келеді, баламен сөйлесуге уақыты жоқ. Баланың тәрбиесін анасы, балабақша, мектеп, телефон немесе интернет атқара бастайды.

Тағы бір маңызды себеп – кейбір ер адамдардың өздері әкелік жауапкершіліктен алыстауы. Мысалы, баланың күнделікті қажеттіліктерінің бәрін анасы шешеді: дөрігерге апарады, балабақшаға дайындайды, киімін алады, тамағын береді, сабақтарын бақылайды. Әке баланың өмірінде көбіне «ақша тауып беретін адам» ретінде ғана қалуы мүмкін.

Әкенің беделі тек «мен әкемін, менің сөзімді тыңда» деген талаппен қалыптаспайды. Бедел жауапкершілікпен, қамқорлықпен және жеке үлгімен қалыптасады. Егер тереңдей берсек, отбасы тақырыбы таусылмайтын институт. Сондықтан, бұл мәселеге нәзік түсінік пен заманауи сергек көзқарас, парасатты талдау қажет.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

МӘСЕЛЕ

Қоғамда кейінгі жылдары «жастар үйленуге асықпайды», «отбасы құруды кейінге қалдырады» деген пікір жиі айтылады. Бір қарағанда, мұны неке санының азаюымен байланыстыруға болады. Алайда ресми статистикаға үңілгенде мәселенің бір ғана себеппен түсіндірілмейтіні байқалады. Оның үстіне қазіргі жастардың отбасы құндылығынан бас тартып бара жатқаны туралы тұжырымды да деректер растамайды.

ЖАСТАР
ОТБАСЫН ҚҰРУҒА
АСЫҚПАЙДЫ



Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2025 жылы елімізде 115,9 мың неке тіркелген. Бұл көрсеткіш 2024 жылы 123,6 мың болған. Яғни, бір жыл ішінде тіркелген неке саны азайған. 2025 жылы жалпы некелесу коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 5,69-ды құрады. Дегенмен бұл дерекке қарап, жастардың некеден жаппай бас тартып жатқаны жөнінде қорытынды жасау дұрыс емес. Өйткені неке саны жыл сайын бір бағытта өзгеріп отырған жоқ. Мәселен, 2023 жылы 120,8 мың неке тіркелсе, 2024 жылы оның саны 123,6 мыңға дейін өскен. Ұлттық статистика бюросы 2024 жылғы көрсеткіштің алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,2 пайызға артқанын хабарлаған.

2023 жылы алғаш рет некеге тұрған ер адамдардың орташа жасы 27,8, әйелдердікі 25,2 жас болған. 2024 жылы ер адамдар үшін бұл көрсеткіш 27,9, әйелдер үшін 25,2 жасты құрады. Ал 2025 жылы алғаш некеге тұрған ерлердің орташа жасы 27,9, әйелдердікі 25,3 жас болды. Яғни, үш жыл ішінде алғашқы неке жасы айтарлықтай өзгермеген.

2026 жылғы тамызда БҰҰ-ның Халық қоныстану қоры, ЮНФПА, жастардың қарым-қатынас, отбасы және ата-ана болуға қатысты көзқарастарын зерттеген халықаралық сауалнама нәтижесін жариялады. Зерттеуге 73 ел мен аумақтан 18 бен 39 жас аралығындағы 108 мыңнан астам адам қатысқан. Қазақстаннан сауалнамаға 836 адам, оның ішінде 472 әйел мен 364 ер адам қатысқан.

Қазақстандық респонденттердің 72 пайыздан астамы болашақта некеге тұрғысы келетінін айтқан. Бұл көрсеткіш қазіргі жастардың отбасы институтынан бас тартып бара жатқаны туралы пікірге сәйкес келмейді. Керісінше, зерттеуге қатысқан жастардың басым бөлігі үшін неке әлі де маңызды өмірлік мақсаттардың бірі болып отырғанын көрсетеді. Алайда зерттеудің әдістемесіне қатысты маңызды жайт бар. Сауалнама онлайн форматта жүргізілген. Сондықтан ЮНФПА оның нәтижелері интернетке қолжетімді 18-39 жас аралығындағы адамдардың пікірін көрсететінін және ұлттық статистиканы толық алмастырмайтынын арнайы ескертеді. Демек, зерттеу нәтижесін Қазақстандағы барлық жасқа бірдей телуге болмайды.

ЮНФПА зерттеуі жастар үшін отбасы мен ата-ана болуға қатысты шешімдерге қандай жағдайлардың маңызды екенін де көрсеткен. Қазақстандық респонденттердің 74,6 пайызы қаржылық қамтамасыз етілуді бала сүю туралы шешім қабылдаудағы маңызды шарттардың бірі деп атаған. 71,7 пайызы жеке баспананың болуын, 68,4 пайызы тұрақты жұмысты маңызды санаған. Ал 64,6 пайызы психологиялық және эмоциялық дайындықтың маңызын көрсеткен. Сонымен қатар экономикалық және тұрғын үй мәселелерін респонденттердің 32,3 пайызы серіктестік қарым-қатынас құруға кедергі болатын өте маңызды фактор деп бағалаған. Ал балалы болуға қатысты бұл көрсеткіш 41,3 пайызды құраған.

Баспана мәселесі
неге маңызды?

Сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың 71,7 пайызы жеке баспананы ата-ана болуға қатысты маңызды жағдайлардың бірі ретінде көрсеткен. Тұрғын үйдің болуы немесе болмауы отбасының күнделікті шығынына, өмір

сүру жағдайына және болашақты жоспарлауға тікелей ықпал етеді. Сондықтан жастардың отбасы туралы шешім қабылдағанда баспана жағдайына мән беруі сауалнама нәтижесінен анық байқалады.

Психологиялық
дайындық та назарда

Қазіргі жастардың ұстанымындағы тағы бір ерекшелік – психологиялық және эмоциялық дайындыққа мән берілуі. ЮНФПА сауалнамасына қатысқан қазақстандықтардың 64,6 пайызы мұны ата-ана болу үшін маңызды жағдай деп атаған. Бұл дерек отбасын құру мәселесінің тек материалдық мүмкіндіктермен шектелмейтінін көрсетеді. Респонденттер қаржы мен баспанамен қатар адамның жауапкершілікте психологиялық жағынан дайын болуына да мән берген.

Зерттеу нәтижесі жастар арасында бала сүюге деген ниеттің де жоғалмағанын көрсетеді. Қазақстандық әйел респонденттер өздері үшін қалаулы бала санын орта есеппен 2,7 деп көрсетсе, ер адамдарда бұл көрсеткіш 3,2 болған. 35–39 жас аралығындағы баласы жоқ респонденттердің арасында да болашақта балалы болғысы келетіндердің үлесі жоғары болған. Бірақ бұл көрсеткіштер онлайн сауалнамаға қатысқан шағын топқа қатысты болғандықтан, оларды бүкіл Қазақстан халқына ортақ көрсеткіш ретінде қарастыруға болмайды. Ресми демографиялық мәлімет бойынша, 2025 жылы Қазақстанда 335 мың бала дүниеге келген. Балалардың негізгі үлесін 25-29 және 30-34 жас аралығындағы әйелдер дүниеге әкелген. Аналардың орташа жасы 29,9 жас болса, бірінші баласын дүниеге әкелген әйелдердің орташа жасы 25,3 жасты құраған.

«Үйленгісі келмейді»
деген пікір
қаншалықты дұрыс?

Жастар туралы қоғамдық пікірде қарапайым жауаптар жиі айтылады. Бірі оларды мансапты отбасыдан жоғары қояды десе, енді бірі жауапкершіліктен қашады деп есептейді. Бірақ мұндай пікірлерді нақты зерттеу нәтижесінсіз жалпы жастарға телу дұрыс емес.

Қолда бар деректер
басқа көріністі
көрсетіп отыр

Біріншіден, Қазақстанда 2025 жылы тіркелген неке саны 2024 жылмен салыстырғанда төмендеген. Бірақ одан бір жыл бұрын, керісінше, неке саны өскен. Сондықтан бір жылдың нәтижесімен ұзақ мерзімді әлеуметтік үрдіс туралы кесімді қорытынды жасауға болмайды. Екіншіден, 2023–2025 жылдар аралығында алғаш некеге тұрғандардың орташа жасында күрт өзгеріс болған жоқ. Үшіншіден, ЮНФПА сауалнамасына қатысқан қазақстандық жастардың 72 пайыздан астамы некеге тұрғысы келетінін білдірген. Сонымен қатар олар үшін қаржылық қауіпсіздік, баспана, тұрақты жұмыс пен психологиялық дайындық маңызды екені анықталған.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

МЕЖЕ

АСТАНА
ҚЫСТЫ ҚАРСЫ АЛУҒА ДАЙЫН

Теріскей аймақта қара күзбен қатар салқын ерте түсетіндіктен, қыстың қытымыр аязына сақадай-сай әзірлік шаралары қазірден қолға алынуы тиіс шаруа. Сондықтан Елордада жылу маусымына дайындық қызу жүріп жатыр. Қаланың қолданыстағы жылумен қамту нысандары кезең-кезеңімен әзірленіп, жаңа жылу көздерін салу мен жұмыс істеп тұрған нысандардың күш-қуатын арттыру жұмыстары жеделдете жүргізілуде. Нәтижесінде Астана алдағы қысқы кезеңге жылу мөлшерінің қажетті резервімен дайын күйде кіргелі отыр.

Қыс қашан да тұтас коммуналдық сала үшін үлкен сынақ. Әсіресе халқы жыл сайын өсіп, жаңа шағынаудандары жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай бой көтеріп жатқан Астана үшін аса өзекті мәселе. Жылу жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі – қаланың қалыпты тыныс-тіршілігінің басты шарттарының бірі. Осыны ескерген Астанада биылғы жылы маусымына дайындықпен бірге жылу энергетикасының болашақтағы мүмкіндігін кеңейтуге де басымдық беріліп отыр.

Бүгінде елорданың орталықтандырылған жылумен қамту жүйесінде бес негізгі энергия көзі жұмыс істейді. Олар – үш бірдей жылу электр орталықтары. Сондай-ақ «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станциялары халықтың игілігі үшін қызмет етуге дайын. Қолданыстағы нысандардың жиынтық мүмкіндігі қаланың алдағы жылыту кезеңіндегі қажеттілігін қамтамасыз етуге жетіп қана қоймай, жылу жүктемесі күрт артқан жағдайда

пайдаланылатын қосымша қордың болуына мүмкіндік береді. Яғни, елорда қысқа тек бар қуатпен емес, белгілі бір қауіпсіздік қорымен қадам баскалы отыр, – дейді Астана қаласы әкімдігінен.

Бұл – бүгінгі күннің мәселесін шешумен шектелмейтін жүйелі жұмыстың нәтиже беріп жатқанын да айқын көрсетеді. Өйткені Астананың аумағы күн өткен сайын ұлғайып, халық саны артып, тұрғын үй мен әлеуметтік нысандардың құрылысы қарқын алып келеді. Демек, жылуға деген сұраныс та уақыт өткен сайын көбейе түседі.

Сондықтан Елордада жылу энергетикасының әлеуетін арттыру бағытындағы ірі жобалар кезең-кезеңімен жалғасып жатыр. Астана қаласы энергетика басқармасының мәліметіне қарағанда қазіргі таңда үшінші ЖЭО-ның көмір бөлігінің құрылысы жүргізілуде. Сонымен қатар екінші ЖЭО-да су жылыту қазандығын кеңейту мен реконструкциялау жұмыстары қолға алынған. Жоба аясында №7 және



ӨЗЕК

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ –
ЕЛ БІРЛІГІНІҢ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ
МӘДЕНИЕТТІҢ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Ана тілі – ұлттың рухани көзегі, халықтың тарихи жады мен мәдениетінің айнасы. Сондықтан мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – тек тіл мәселесі ғана емес, елдің болашағына, қоғамның бірлігіне және мемлекеттік басқару жүйесінің сапасына қатысты маңызды міндет.

Сот саласының маманы ретінде мемлекеттік тілдің қоғам өміріндегі маңызын ерекше атап өткен жөн. Өйткені сот төрелігі – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған мемлекеттік қызметтің маңызды салаларының бірі. Сотқа жүгінген әрбір азамат өз ойын еркін жеткізіп, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін толық түсіне алуы қажет. Бұл ретте мемлекеттік тілдің сот жүйесінде кеңінен қолданылуы құқықтық акпараттың халыққа қолжетімді болуына ықпал етеді.

Қазақ тілінде сот ісін жүргізу – мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайтудың нақты көріністерінің бірі. Заңнамалық талаптарды сақтау ғана емес, мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде меңгеру де сот мамандарының басты міндеттерінің қатарында болуы тиіс. Себебі сот құжаттарының сауатты әрі түсінікті жазылуы, құқықтық терминдердің дұрыс қолданылуы – сот төрелігінің сапасына тікелей әсер ететін факторлар.

Қазіргі таңда елімізде мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Сот жүйесінде де қазақ тіліндегі құжат айналымын жетілдіру, қызметкерлердің тілдік сауаттылығын арттыру, құқықтық терминологияны біріздендіру бағытында түрлі шаралар жүзеге асырылып келеді.

Мемлекеттік тілді дамыту тек мемлекеттік мекемелердің немесе жекелеген мамандардың міндеті деп қарауға болмайды. Бұл – бүкіл қоғамға ортақ жауапкершілік. Әр азамат өзінің күнделікті өмірінде қазақ тілін қолдану арқылы оның дамуына үлес қоса алады. Ал мемлекеттік қызметшілер мен сот саласының мамандары үшін қазақ тілін білу – кәсіби біліктіліктің маңызды құрамдас бөлігі.

Тіл – адамдарды біріктіретін үлкен құндылық. Қазақстан сияқты көпұлтты мемлекетте мемлекет-

№8 қазандықтарды орнату көзделіп отыр.

Ал алдағы уақытта елорданың жылумен қамту жүйесіндегі маңызды нысандардың біріне айналатын жобалардың бірі – «Тельман» газ жылу станциясы. Оның жылу өндіру қуаты 620 Гкал/сағ болмақ. Станцияны биыл жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланған.

Жаңа нысанның іске қосылуы елорданың жылу жүйесіне айтарлықтай серпін беріп, қосымша резерв қалыптастыруға жол ашадy. Ең бастысы – бұл қаладағы жылумен қамту сенімділігін арттырып, қысқы кезеңдегі жоғары жүктемелі тұрақты өткеруге мүмкіндік бермек.

Бір сөзбен айтқанда, Астана биылғы жылыту маусымына қажетті дайындықты қамтамасыз етіп қана қоймай, ертеңгі күннің жылу қажеттілігін де бүгіннен ойластырып отыр. Қолданыстағы жылу көздерін жаңғырту, олардың қуатын арттыру және жаңа станциялар салу – елорданың қарқынды дамуына сай қабылданып отырған нақты қадамдар десек артық айтқандық емес.

Бүгінгі жылу қоры – ертеңгі тұрақтылықтың кепілі. Қалыптасқан резерв қазіргі тұрғындардың қажеттілігін өтеуге мүмкіндік берсе, қолға алынған жаңа жобалар Астананың жаңа аудандары мен өсіп келе жатқан тұрғындарының болашақтағы сұранысын қамтамасыз етуге бағытталған.

Осылайша елорда алдағы қысты қажетті жылу қуатының қорымен қарсы алып, жылумен қамту жүйесінің ұзақ мерзімді тұрақтылығы үшін қосымша мүмкіндіктер қалыптастырып келеді. Бұл, түптеп келгенде, Астананың бүгінгі ғана емес, ертеңгі тынысын да жылумен қамтамасыз етуге бағытталған жұмыс екені сөзсіз.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
АСТАНА ҚАЛАСЫ

Айгүл ТӨЛЕУБАЕВА,
Ақтөбе қалалық сот әкімшісінің
бас маманы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Серік ЕРҒАЛИ, мәдениеттанушы:

«КӨКПАР КӨПШІЛІКТІ БӨЛШЕКТЕЙТІН ЕМЕС, БІРІКТІРЕТІН ҚҰНДЫЛЫҚҚА АЙНАЛУЫ КЕРЕК»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сөйтіп, біздің елде Ұлттық спорт қауымдастығы құрылып, көкпарды жетілдіруді қолға алды. Ол кезде Бек-болат Тілеуханға өз ойымызды жеткізуге тырыстық, бірақ олар ескермеді. Қазан-ошақты алып тастап, шеңбер-арқан қойды, бұл техникалық және қауіпсіздік жағынан дұрыс. Бірақ практикалық жағынан мүлдем қолайсыз. Оны кеше қырғыздар жасақтаған алаңда көрдік, шеңберді құм басып калып жатыр.

Осылайша қырғыздар ескі «ошақ» нұсқасында қалып, «көкбөрі» атап кетті. Бұл атау жалпытүрктік танымды тәрк етіп тұр! Көк төрктер өз тотемін көкпарға салған жоқ, оны сыйынатын нысан етті. Ұлақартышын қайтарғаны дұрыс. Қазақтар «қақпаға шеңбер-арқан тартып «көкпар» атауымен қалды. Бірақ бұның екеуі де жартыкеш әрекеттер.

Біз соңғы 2 жыл бойы бір топ ғалымдар «Көкпар спортын жетілдіру тұжырымдамасын» жасап, әлемге тарай алатын атты спорттың келбетін әзірледік. Бұны Қазақстан көкпар федерациясы қарамай отыр. Жалпы ұлттық спорттың бәріне тән басты кемшілік – спортты пікір-пайыммен дамытқысы келеді. Әлемде спорт ғылыммен ғана дамиды. Ал бізде ақсақал-қарасақалдар не айтса, сол «спортқа» айналады. Бәрі соның кесірінен.

– **Нақты қандай ұсыныс бар?**

– Нақты ұсыныс сол – министрлік 20 миллион грант бөлсе, ғылыми түрде дәйектеп, сынақтан өткізіп, көкпарды әлемдік атты спорт етуіміз керек. Оған жобамыз дайын. Тіпті жекелеген демеуші болса да, бұл соманы тауып бере алады. Біз оны жыл соңына дейін жаратып, нәтижені көрсетеміз. Сосын алдағы Наурызға дейін клубтар құрып, жаңа тұрпаттағы ереже мен көкпар-



жайы бар дүниені жарқ еткіземіз. Ол қазақтыкі де, қырғыздыкі де болмайды, әлемдік Атты өркениеттің адамзатқа берген сыйы болады.

– **Көкпар алаңын жаңарту сипатына тоқталып өтсеңіз?**

– Алаңды ойдан құрап-сұрап жасақтауға болмайды. Ол біздің мәдениетіміз бен танымымыздың келбеті болуы керек, бәріне тарихи дәйек тұруы қажет. Футболдан көшірген көкпардың сықпытын көріп отырмыз. Біздің жобадғы алаңды жұртқа сипаттағанымызбен, оны түсіне қоймайды, оны ғылыми түрде сынақтан өткізіп, барынша жетілдіріп ұсыну керек. Алаңның қақ ортасында Күн шеңбері, диаметрі – 2м. Күн – ата-бабаның қадір тұтқан киесі,

Ұлы жарық. Туымызда да тұр. Ойын осы Күннен басталуы керек. Күн, қазан, серке сияқты сөздер термин болып қабылдануы тиіс. Қазір көкпаршыны «шабандоз», қазанды «шеңбер» деп көкіміз, себебі, спортқа тән терминдер бекітілмеген. Дені дұрыс спорттың өзіне тән терминологиясы болады. Бізде де, қырғызда да жоқ. Яғни, бұл салаға ғылыми «подход» – кірісім жоқ деген сөз. Алаңның екі басында тараптардың «қазаны», диаметрі – 3 метрден. «Күн» мен «қазандардың» арасы 90 метрден. «Күн» мен қапталдың арасы – 40 метр. Алаңның жалпы ауданы: 160мХ80м.

Біздің жобада көкпар додасы жекпе-жекпен басталады, кәзіргідей жамырап, бір қапталған кіріп серкеге бәрі бас қоймайды. Әр капитан қарсы қазанның жиегінде тұрып, төрешінің дабылымен күнге қарай бас салады. Күнде көлденең түскен серке жатады. Қарсы келген ойыншылар серкенің әрқайсысын сол жақ сирағынан іліп үлгеруі тиіс. Сосын әрмен қарай дода командалық сипатқа ұласады. Бұл жерде көкпаршылар теңге ілу тәсілін меңгеруі тиіс. Сосын серкенің салмағы 27 келі болса жеткілікті. Мыкшыңда-тып көкпар спортын дамыта алмаймыз. Оның салмағы қазір 30-35 келі, ол да тұрақсыз. Стандарт жоқ!

Біздің жобада команда 12 адамнан емес, 8 адамнан құрылады, бұлайша біз әр ауылда көкпар командасын құра аламыз. Командада бір шабуылшы, бір то-



рушы, екі қорғаушы болады. Торушы қарсы жақтың қазанына салым салуға кедергі қылатын ойыншы. Торушылардың өз аумағы арнайы сызықпен белгіленеді, серкемен кірген шабуылшы торушымен жекпе-жек қалуы тиіс. Басқалар жамырап кірмеуі керек. Бұл ойынның ішкі динамикасын дамытады әрі қауіпсіз, көкпаршыларды жеке-дара жетілуге итермелейді. Сонда көптеген қатер мен үйме-жүймеден көкпар құтылады. Біздің жобада көкпаршыға қамшы ұстауға болмайды, төрешілер сары, қызыл көртішке емес, сол түске боялған қамшыны алақанына ұстайды! Бұның бәрі біздің мәдениетімізді, құндылығымызды әр қадам сайын көрсетіп, көрерменді еліктіреді, мойында-тады.

Қазіргі ұлақартыш пен көкпарға көрермен керек емес, өйткені ол тартымсыз, қатерлі ермек секілді ғана. Қазіргі көкпарды қараудың өзіне шіміркіпей қарайтын батыр болу керек. Ондай қатерлі спорт болмайды, спорттың басты талабы – қауіпсіздік!

– **Мұндай жағдайда қандай мүмкіндікке ие боламыз?**

– Бірінші, көкпарлы ойыншы қарақшымен жекпе-жекке түседі немесе сырттағы жақтастарына көкпарды қайта беріп, шабуылды қайта бастайды. Екінші, көкпарға айып салымын тағайындау мүмкіндігі болады. Үшінші, алаңдағы төрешіден басқа екі төреші қапталда емес, қазан маңын қадағалайтын болады. Төртінші, айып нүктесі – ортаңғы сызық пен торуыл-сызықтың түйіскен жерінде орналасады. Айтақышы қазіргі ережеде айып салымы жоқ. Бізде бар. Футболдағы пенальти секілді.

Бүгінгі ойын құрылымы 2 тараптың тартысы болғанымен, одан әрі командалық сипат дамытылмаған. Осыдан барып көкпардың стратегиялық сипаты

аса төмен. Футбол ойынына еліктемесек те, ойын таласының дамуы мен жүйелі болуы үшін бүгінгі командалық ойын сипаттарына лайық шабуыл, қорғаныс мәселелері қаралып, ол жайт команда құрылымында қарастырылуы керек.

Ойластырылған алаңдағы сызықтарды қалай жасау керектігі өзінен өзі туындайтын мәселе. Оны да оңай шешуге болады: бүгінде жасанды киіздің неше түрі бар, ол материал аттың тұяғына қауіп келтірмейді. Осылайша әр шеңберді, дөңгелек алаңшаларды түсті киіз төсеп сәнін де, мәнін де, икемін де қарастыруға толық мүмкіндік бар. Сондай-ақ, алаңды шөппен немесе көгалмен емес, сусымға құммен емес, пластикалық түйіршік төсеп жарактаған жөн деп санаймыз.

Біз қарастырылған көкпар алаңы мен ойын ережесінің өзгерісі ойынды спорт дәрежесіне жеткізуге мәжбүрлейді. Және де оның экономикалық тиімін барынша қолдайды, бүгінгі 12 мүшесі бар аттыларды әр өңірге тасудан гөрі, олардың санын 30 пайызға қысқарту арқылы саннан гөрі сапаға көшетін боламыз. Сондай-ақ, бұл жайт ойыншылар құрамын қосалқы топпен жасақтауға да мүмкіндік береді. Бізде «Көкпар-С» жобасы дайын, алаңның сызбасы дайын. Тіпті біз арнайы Көкпаржай салуды да қарастырып отырмыз.

Біздің ұсыныста киімнен бастап, ер-тұрманға дейін өзгереді. Сосын көкпарға лайық жылқы тұқымы ойластырылуы керек. Ол да бар. Бұл жобаны іске асыратын команда дайын. Ғалымдар, спортшылар, жылқышылар, бапкерлер, төрешілер бар қолдайтын.

– **Сұхбатыңызға рақмет.**

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БАЗЫНА

АНАҒА ЖАСАЛҒАН ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ ҚҰНЫ ҚЫМБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Егер жүкті әйелдің атқарып жүрген жұмысы денсаулығына қауіп төндіретін болса, медициналық қорытынды негізінде оны қауіпсіз еңбек жағдайына ауыстыру көзделген. Еңбек кодексінің 44-бабы бойынша жұмыс беруші жүкті әйелді зиянды немесе қауіпті өндірістік факторлардың әсері болмайтын басқа жұмысқа ауыстыруға міндетті. Бұл кезде заңда көзделген жағдайда бұрынғы орташа жалақысы сақталады. Яғни, мәселе әйелді жұмыстан шығару арқылы емес, қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету арқылы шешілуі тиіс. Бұл – еңбек қауіпсіздігі мәдениетінің маңызды көрсеткіші.

Жүктілік кезеңінде әйелдің денсаулығына байланысты толық жұмыс уақытын атқаруы қиын болуы мүмкін. Мұндай жағдайда еңбек заңнамасы толық емес жұмыс уақытын белгілеуге мүмкіндік береді. Жүкті әйелдің жазбаша өтініші бойынша толық емес жұмыс уақыты белгіленуі мүмкін. Бұл әйелдің денсаулығын сақтай отырып, еңбек қызметін жалғастыруына мүмкіндік береді. Мұндай тетік әсіресе білім беру, медицина, өндіріс және қызмет көрсету салаларында жұмыс істейтін әйелдер үшін маңызды.

Еңбек кодексінің 99-бабында жүктілікке және босануға

байланысты демалыс түрлері нақты көрсетілген. Олардың қатарында: жүктілікке және босануға байланысты демалыс; жаңа туған баланы асырап алған жұмыскерге берілетін демалыс; бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс бар. Қалыпты босану жағдайында жүктілікке және босануға байланысты демалыс босануға дейінгі және босанғаннан кейінгі кезеңді қамтиды. Бұл демалыстардың мақсаты – әйелге босануға дайындалуға, босанғаннан кейін денсаулығын қалпына келтіруге және нәрестеге қажетті күтім жасауға жағдай туғызу. Жүктіліктің алғашқы кезеңі әйел үшін ерекше маңызды. Қолданыстағы еңбек заңнамасында жүктіліктің алғашқы кезеңіндегі әйелдерге арналған арнайы кепілдіктер де көзделген. Бұл медициналық бақылауға уақытылы тұруды және қажетті медициналық шаралардан өту мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған. Демек, әйел өзінің денсаулығына қатысты медициналық тексерулерді кейінге қалдырмауы керек. Ал жұмыс беруші заңда көзделген кепілдіктерді қамтамасыз етуге тиіс.

Жүкті әйелдің құқықтары тек жұмыс орнымен шектелмейді. Жүктілік және босану кезеңінде әйелдің әлеуметтік төлемге, медициналық көмекке

және заңда белгіленген өзге де әлеуметтік кепілдікке құқығы бар. Бұл жерде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің маңызы ерекше. Әлеуметтік қорғау жүйесінің басты мақсаты – әйел бала дүниеге келген кезеңде табысынан айырылған жағдайда оны әлеуметтік тұрғыдан қолдау. Сондықтан әйелдің әлеуметтік аударымы мен еңбек қатынасының заң талабына сәйкес рәсімделуі өте өзекті.

Жүкті әйелдің құқығын қорғауда



Жүкті әйел үшін ең маңызды мәселенің бірі – жұмыс орнының сақталуы. Еңбек кодексінде жүкті әйелдермен еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға шектеу қойылған. Бұл – әйелдің жүктілік кезеңінде өзін еңбек тұрғысынан қорғалғанын сезінуіне мүмкіндік беретін маңызды кепілдік. Әсіресе қазіргі еңбек нарығында бұл норманың әлеуметтік маңызы зор. Себебі жүктілікке байланысты жұмыстан айырылу отбасының қаржылық жағдайына да, әйелдің психологиялық ахуалына да кері әсер етуі мүмкін.

кәсіподақ рөлі ерекше. Заңда жазылған құқықты білу бір бөлек, оны тәжірибеде жүзеге асыру бір бөлек. Мысалы, жұмыс беруші жүкті қызметкерді заңсыз түрде түнгі жұмысқа тартса немесе жүктілігіне байланысты еңбек жағдайын негізсіз нашар-

әділеттіліктің маңызды институты.

Қоғамның өркениеттілігі оның экономикасының көлемімен ғана емес, адамға деген көзқарасымен де өлшенеді. Ал анаға деген қамқорлық – сол көзқарастың ең айқын көрінісінің бірі. Жүкті әйелдің еңбек құқығын қорғау – әйелді жұмыстан босатып, оны қоғамнан оқшаулау емес. Керісінше, оның ана болу құқығы мен еңбек ету құқығын қатар қамтамасыз ету. 2026 жылы еңбек заңнамасында енгізілген өзгерістер де еңбек заңнамасындағы құқықты, еңбек бостандығын, тен мүмкіндікті және әлеуметтік әріптестікті нығайту бағытын жалғастырып отыр. Мысалы, 2026 жылғы өзгерістермен Еңбек кодексінің 4-бабындағы негізгі қағидаттар нақтыланып, 5 және 6-баптарына да түзетулер енгізілді. Бұл ретте заңның тиімділігі оның мәтінінде ғана емес, күнделікті өмірде орындалуында. Сондықтан әрбір әйел өзінің құқығын білуі керек. Әрбір жұмыс беруші заң талаптарын сақтауы тиіс. Ал кәсіподақтар мен қоғамдық ұйымдар еңбек адамының құқығын қорғауда белсенді болуы қажет.

Жүкті әйелді қорғау – тек бүгінгі ананы қорғау емес. Бұл – дүниеге келетін жаңа ұрпақтың денсаулығын, отбасының тұрақтылығын және еліміздің демографиялық болашағын қорғау. Анаға көрсетілген құрмет – ұлттың болашағына көрсетілген құрмет.

Назым АЛИЕВА,
эл-Фараби атындағы
ҚазҰУ докторанты,
заң ғылымдарының магистрі

ТАҒЫЛЫМ

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУДІҢ ӨНЕГЕЛІ ҮЛГІСІ

Адамның өмір жолы – оның білімге деген құштарлығынан, амандай термен атқарған еңбегінен, елге жасаған қызметінен көрінеді. Еңбек – адамды шыңдап, тәжірибе – өмірді кемелдендіреді. Ұлы Абайдың «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба» деген тағылымды сөзі де адамды білімге, талапқа, ізденіске үндейді.

Осындай өмірлік ұстанымды берік қалыптастырып, саналы ғұмырын еңбекке арнап келе жатқан тәжірибелі мамандардың бірі – Бәйсейтова Гүлжанат Мұхтарқызы.

Гүлжанат Мұхтарқызы 1964 жылы 17 қарашада Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданында дүниеге келген. Еңбекке ерте араласқан ол кәсіби жолында бірнеше саладан өтіп, әр қызметінен мол тәжірибе жинақтады. Оның өмір жолына зер салсақ, білім мен еңбекті қатар алып жүру, жаңа ортаға бейімделу, іздену және өзіне жүктелген міндетке адал болу сияқты қасиеттердің өзара сабақтасып жатқанын аңғаруға болады.

1984 жылы Семей қаласының зооветеринарлық институтын тәмамдап, ветеринария саласы бойынша кәсіби білім алды. Алайда білімге деген талпынысы мұнымен тоқтаған жоқ. Жылдар өте келе кәсіби білімін жаңа бағытпен толықтыруды мақсат етіп, 2004 жылы Павлодар университетінің «Педагогика және психология» мамандығын бітірді. Бұл оның үнемі ізденіс-

те болып, заман талабына сай білімін жетілдіруге ұмтылғанын көрсетеді.

Гүлжанат Мұхтарқызының еңбек жолындағы маңызды кезең – сот жүйесіне келуі. 2007 жылғы 23 тамыздан 2008 жылғы 1 қаңтарға дейін Семей қалалық сотында маман қызметін атқарып, 2008 жылдың қаңтар айынан бастап жетекші маман лауазымына ауыстырылды. Содан бері оның кәсіби жолы сот жүйесімен тығыз байланысып келеді. Бүгінде ҚР Сот әкімшілігінің Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Семей қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты әкімшісінің жетекші маманы қызметін атқарып келеді. Сот жүйесіндегі 18 жылдан астам еңбек өтілі оның осы салада жинақтаған мол тәжірибесі мен кәсіби біліктілігінің айғағы.

Қызмет барысында Гүлжанат Мұхтарқызы қызметтік хат алмасуды жүргізу, ағымдағы құжаттарды рәсімдеу, кіріс және шығыс хат-хабарларды журналдарға, картотечкаларға, тізілімдерге және электрондық түрде тіркеу сияқты жауапты жұмыстарды атқа-



рады. Сонымен бірге мұрағат жұмысын жүргізу, мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру, тарату кітабын жүргізу, жіберілетін хат-хабарлардың тізілімдерін әзірлеу жұмыстарын тиянақты орындайды. Өзінің лауазымдық міндеттеріне сәйкес «Төрелік» бағдарламасы бойынша электрондық іс жүргізуді жүзеге асырып, қажетті құжаттарды дайындау мен рәсімдеуге белсенді қатысады.

Бұл қызметтер дәлдікті, ұқыптылықты және үлкен жауапкершілікті талап етеді. Гүлжанат Мұхтарқызы өз жұмысына байыппен қарап, әр тапсырманы уақытылы әрі сапалы орындауға ұмтылады. Мемлекеттік және орыс тілдерін жетік меңгерген. Әріптестерімен сыйластық қарым-қатынас орнатып, ұжымдағы іскерлік әрі жағымды ахуалдың қалыптасуына үлесін қосып

келеді. Сотқа келуші азаматтармен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілікті сақтап, әр адамға құрметпен қарауды басты қағида етеді.

Абай Құнанбайұлының «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген сөзі кәсіби ұстанымның мәнін дәл жеткізеді. Гүлжанат Мұхтарқызы да өз білімін жетілдіруге, жаңа талаптарды меңгеруге және қызметтік тәжірибесін үнемі толықтырып отыруға мән береді.

Адамның кәсіби жетістігі қызметімен ғана емес, отбасы мен өмірлік құндылықтарымен де сабақтас. Гүлжанат Мұхтарқызы – еңбегімен қатар, отбасын ұйытып отырған ардақты жар, аяулы ана, мейірімді әже. Жолдасы Қазенов Рахметулла,Павлодар облысының тумасы, жоғары білімді.

Абай облысы, Семей қаласындағы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында бас маман болып қызмет атқарып, қазіргі уақытта құрметті демалыста.

Көп жылғы адал еңбегі мен қызметтік міндеттерін мінсіз атқаруы бірнеше мәрте жоғары бағаланды. 2018 жылғы шілде айында Шығыс Қазақстан облысы бойынша Соттар әкімшісінің Алғыс хатымен, 2019 жылғы желтоқсан айында ҚР Судьялар одағының Шығыс Қазақстан облыстық филиалы төрағасының Алғыс хатымен марапатталды.

2023 жылы Сот әкімшілігінің Абай облысы бойынша департамент басшысының Алғыс хатына ие болды. 2025 жылы ҚР Судьялар одағының Абай облысы бойынша филиалының Құрмет грамотасымен марапатталды. Ал 2026 жылы сот жүйесіндегі көп жылғы абы-

ройлы адал қызметі үшін II дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медаліне ие болды.

Бұл марапаттар – Гүлжанат Мұхтарқызының көп жылғы еңбегіне, кәсіби біліміне, жауапкершілігі мен қызметіне берілген лайықты баға. Еңбек жолында тәртіптік жауапкершілікке тартылмаған. Қызметіне байланысты азаматтар мен тараптар тарапынан шағымдар мен өтініштердің болмауы да оның қызметтік міндетіне тиянақты қарап, адамдармен дұрыс қарым-қатынас орната білетінін көрсетеді.

Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалаң!» деген өсиеті әр адамның қоғамнан өз орнын тауып, елге пайдалы іс атқаруын меңзейді. Гүлжанат Мұхтарқызының еңбек жолы да осы ұлағатты оймен үнседі. Ветеринария саласынан басталған қызметі ұстаздықпен жалғасып, есепшілік тәжірибемен толығып, бүгінде сот жүйесіндегі жауапты қызметке ұласты.

Әр кезең– өмірдің бір белесі. Ал сол белестерде жинақталған тәжірибе адамды шыңдап, кәсіби тұрғыдан кемелдендіреді. Гүлжанат Мұхтарқызы да талай жылдық еңбек жолында өз ісінің қыр-сырын меңгеріп, тәжірибелі әрі білікті маман ретінде қалыптасты.

Бәйсейтова Гүлжанат Мұхтарқызының еңбек жолы – білім мен тәжірибені ұштастырып, әр қызметте өз орнын таба білген, елге қызмет етуді өмірлік ұстаным еткен жанның өнегелі жолы. Оның көп жылғы кәсіби тәжірибесі, еңбекке деген адалдығы мен адамдық болмысы – кейінгі буын мамандарға үлгі боларлық тағылым.

Г.ТАБАНОВ,
ҚР Сот әкімшілігінің Абай облысы бойынша департамент басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкілі

ИДЕЯДАН ӨНІМГЕ ДЕЙІН

ЦИФРЛЫҚ ЖОБАЛАР БИЗНЕС КӨЗІНЕ АЙНАЛАР КҮН ЖАҚЫН

Шымкентте цифрландыру мен инновацияны дамыту бағытындағы жұмыстар жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Қалада IT-жобаларды қолдау, жасанды интеллект технологияларын енгізу, технологиялық кәсіпкерлікті дамыту және жас стартаптарды нақты өнімге айналдыруға жағдай жасауға басымдық берілуде. Соның бір дәлелі – Шымкентте Startup Orda–2026 инкубациялық бағдарламасының басталуы болды.

Бүгінде цифрлық технологиялар қаланың экономикалық және әлеуметтік дамуының маңызды тетігіне айналғаны рас. Мемлекеттік қызметтерді цифрландырудан бастап, бизнесті автоматтандыруға, жасанды интеллектті қолданудан киберқауіпсіздікті күшейтуге дейінгі бағыттардың барлығы заманауи қаланың дамуымен тікелей байланысты. Осы ретте Шымкентте жастардың технологиялық идеяларын қолдап, оларды нақты бизнес-жобаға айналдыруға бағытталған Startup Orda–2026 бағдарламасының басталуы ерекше маңызға ие болғанын атап өткен жөн.

150 стартапер жаңа мүмкіндікке қадам басты

Astana Hub-пен бірлесіп ұйымдастырылып отырған Startup Orda–2026 – өңірдегі технологиялық кәсіпкерлікті дамытуға, тың идеяларды нақты өнімге айналдыруға және жас стартаптардың нарыққа шығуына мүмкіндік беретін инкубациялық бағдарлама ретінде пайда болған. Жобаның алғашқы ресми ашылуы Opening Day форматында «Этноауыл» мәдени-тарихи орталығында өтті. Оған бағдарламаға өтінім берген 150 стартапер қатысып, жобаның командасымен, трекерлерімен және алдағы оқу кезеңдерімен танысты.

Кездесудің мақсаты тек бағдарламаның құрылымын түсіндірумен шектелген жоқ. Қатысушыларға стартапты дамытудың алғашқы қадамдарын нақты жоспарлау, идеяны тексеру, оның өміршеңдігін бағалау және болашақ өнімді қалыптастыру жолдары көрсетілді.

Жас кәсіпкерлерге стартап құрудың негізгі кезеңдері, бағдарлама ережелері, алдағы міндеттер мен мүмкіндіктер таныстырылды. Бұған қоса, нөлден басталған жобалардың нақты мысалдары көрсетілді. Бұл – әзірге нақты идеясы қалыптаспаған жастардың да бағдарлама барысында өз бағытын анықтап, технологиялық жобаға қадам басуына мүмкіндік бар екенін аңғартады.

Төрт аптада идея сыналады, үш айда өнімге жол ашылады

Болашаққа енді ғана қанат қаққан Startup Orda–2026 төрт апталық буткемптен басталады екен. Осы кезеңде командалар мастер-класстар мен воркшоптарға қатысып, өз идеяларын нақтылайды, гипотезаларын тексереді және жобаның бизнес-моделін қалыптастырады. Жалпы, үш айға жоспарланған бағдарлама идеяның алғашқы кезеңінен бастап жұмыс істейтін өнімге дейінгі процессті қамтиды.

Қатысушылар тек теориялық білім алып қоймай, стартапты дамытуға қажетті практи-

калық дағдыларды меңгереді. Бағдарлама барысында жобаны талдау, гипотезаларды тексеру, өнімді жетілдіру, нарыққа шығу тәсілдерімен қатар, заманауи әзірлеу құралдары, соның ішінде Vibe Coding технологиясы қарастырылмақ.

Бағдарламаның қорытынды кезеңі – Demo Day деп аталады. Бұл күні командалар өз жобаларын сарапшыларға, қонақтар мен серіктестерге таныстырады. Яғни, Startup Orda-ның басты ерекшелігі – дайын жобасы барларға ғана мүмкіндік беру емес. Мұнда идеясы енді қалыптасып келе жатқан жастардан бастап, алғашқы өнімін жасап қойған командаларға дейін өз жобасын келесі деңгейге көтеруге жағдай жасалады.

Шымкентте Startup Orda бағдарламасы алғаш рет өтіп отырған жоқ. Бұған дейінгі легке 50-ден астам өтінім түсіп, оның ішінен 20 қатысушы бағдарламаны соңына дейін жеткізгені мәлім болды. Қорытынды Demo Day барысында олардың барлығы өздерінің MVP жобаларын таныстырған.

Ең маңыздысы – кейбір жобалар бағдарлама аяқталғаннан кейін де дамуын тоқтатпаған. Бүгінде түлектердің бірқатары алғашқы сатылымдарын жасап үлгерген. Кейбір командалар технологиялық іс-шараларға қатысып, өнімдерін жетілдірумен қатар, басқа нарықтарға шығу мүмкіндіктерін қарастырып жатыр. Олардың қатарында Odos AI, Pulse AI, valik.kz секілді жобалар бар.

Бұл – технологиялық кәсіпкерлікті қолдаудың нәтижесі тек оқу немесе сертификатпен өлшенбейтінін көрсетеді. Негізгі нәтиже – идеяның нақты өнімге, ал өнімнің нарыққа шығу мүмкіндігіне ие болуы.

Жасанды интеллектпен медициналық экзоскелетке дейін

Шымкенттегі стартап экожүйесінің мүмкіндігін көрсететін жобалардың бірі – жасанды интеллект технологиясын пайдаланып, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың қозғалыс белсенділігін қалпына келтіруге көмектесетін медициналық экзоскелет әзірлеген команда. Қазір жоба авторлары технологияны медицина саласына енгізу бағытындағы жұмыстарын жалғастырып жатыр.

Мұндай жобалардың пайда болуы жасанды интеллект пен инновацияның тек IT-компаниялар үшін емес, денсаулық сақтау, әлеуметтік



сала және адам өмірінің сапасын арттыру сияқты маңызды бағыттарда да қолдануға болатынын көрсетеді.

Бұл ретте қала әкімдігі тарапынан да технологиялық жобаларды нақты ортада сынақтан өткізуге басымдық беріліп отыр.

Шымкент қаласы цифрландыру басқармасының басшысы Мұхит Кемелов стартап иелеріне сәттілік тілеп, өткен жылғы жобалардың нәтижесіне тоқталды. «Қала саясатына сәйкес келетін жобаларды алдымен Шымкентте пилоттық режимде сынап көруге, кейін оларды нарыққа шығаруға мүмкіндік береміз», – дейді Мұхит Кемелов.

Бұл ұстанымның маңызы зор. Өйткені жас әзірлеушілер үшін идеяны қағаз жүзінде немесе зертханада әзірлеу аздық етеді. Өнімнің нақты ортада қалай жұмыс істейтінін тексеру, пайдаланушының пікірін ескеру, кемшіліктерін анықтап, жетілдіру – кез келген технологиялық жобаның нарыққа шығуындағы негізгі кезеңдердің бірі.

Astana Hub бас менеджері Нұргүл Жұмадиева Startup Orda бағдарламасының негізгі мақсаты өңірлердегі IT-жобаларды қолдау екенін атап өтті. «Бұл жоба өңірлерге арналған. Шымкент әзірге топ бастап тұр. Мұнда қатысушылар өте көп. Біз оларды үнемі қолдап, онлайн нұсқамалар мен сабақтар өткізіп отырамыз» – дейді Нұргүл Жұмадиева.

Осылайша, бағдарлама Шымкент жастары үшін елдің технологиялық экожүйесіне енуге мүмкіндік беретін маңызды алаңға айналып отыр.

Бағдарламаға 16 жастан асқан, болашақ стартап идеясы бар кез келген адам қатыса алады. Ал алғашқы өнімін жасап қойған командалар жобасын одан әрі жетілдіріп, нарыққа шығаруға бағытталған қолдау алады.

Startup Orda-ның негізгі құндылығы да осында – идеяны жай ғана таныстыру емес, оны тексеру, жетілдіру, алғашқы өнімге айналдыру және нарыққа бейімдеуге мүмкіндік алмақ.

Цифрландырудың өзегі – адам мен технология

Шымкенттің цифрлық дамуы тек стартаптармен шектелмейді. Қалада цифрландыруды дамыту, инновацияларды енгізу, жасанды ин-

теллект технологияларын қолдану, IT-технологияларды кеңейту және электрондық мемлекеттік қызметтерді дамыту бағыттары қатар жүріп келеді.

Цифрлық шешімдер мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырып қана қоймай, тұрғындар мен бизнес үшін қызметтерді жылдам әрі қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

Бұл процесте қаржытех технологияларының да маңызы артып келеді.

Қаржылық операциялардың цифрлық форматқа көшуі, онлайн сервистердің дамуы және технологиялық шешімдердің күнделікті өмірге енуі азаматтардың цифрлық дағдыларына қойылатын талапты да күшейте түсуде.

Сондықтан цифрландырудың тағы бір маңызды бағыты – ақпараттық қауіпсіздік пен киберқорғанысқа назар аударылып келеді.

Үздіктерге халықаралық мүмкіндік бар

Ұйымдастырушылардың мәліметінше Startup Orda бағдарламасының соңында қатысушылар сертификат алады. Ал үздік командалар Astana Hub Demo Day алаңында өз жобаларын таныстырып, жүлде қоры үшін бақ сынай алады.

Жеңімпаздарға халықаралық бағдарламаларға қатысуға және Astana Hub-тың шетелдегі серіктес хабтарымен тәжірибе алмасуға мүмкіндік қарастырылған.

Бұл жас кәсіпкерлер үшін жергілікті деңгейден республикалық, одан әрі халықаралық нарыққа шығудың жаңа баспалдағы болуы мүмкін.

Шымкенттің технологиялық әлеуетін арттыруға бағытталған мұндай жобалардың түпкі мақсаты – IT саласында тек өнім тұтынатын емес, өз технологиясын әзірлейтін, жасанды интеллектті меңгеретін, инновация енгізетін және цифрлық шешімдерді экспорттап алатын жаңа буынды қалыптастыруға бағытталып отыр.

Бүгінгі 150 стартапердің арасынан ертең еліміздің цифрлық экономикасына үлес қосатын жаңа компаниялар шығуы әбден мүмкін.

Ал идеядан өнімге дейінгі жолдың алғашқы қадамы дәл осындай ортадан басталады.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

«ASAU–2026»

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» – ӘСКЕР ТІРЕГІ

Бас әскери прокуратураның бастамасымен Қонаев гарнизонында әскери-патриоттық «ASAU-2026» («Айбынды Сарбазды Анықтайтын Уақыт») байқауы өткізілді. Байқау әскери ортада «Заң мен Тәртіп» қағидатын насихаттауға, әскери тәртіпті нығайтуға және әскери қызметшілердің құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталды.

Жоба профилактикалық жұмыстың практикалық бағыттарының біріне айналды. Оның негізгі мақсаты – әскери-патриоттық тәрбие, дене дайындығы, кәсіби және зияткерлік сынақтарды ұштастыра отырып, әскери қызметшілердің заңға деген құрметін қалыптастыру және әскери борышына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Байқаудың іріктеу кезеңіне Қонаев гарнизонының 4 мыңнан астам мерзімді әскери қызметшісі қатысты. Байқау қорытындысы бойынша үздік 9 сарбаз финалға шықты.

Финалдық кезең 6 сынақтан тұрды – ұлттық спорт түрлері, ашық суда қашықтықты еңсеру, ұшқышсыз ұшу аппараттарын пайдалана отырып барлау тапсырмаларын орындау, кедергілер жолағын еңсеру, зияткерлік сынақ және практикалық тапсырмаларды орындау.

Құқықтық және патриоттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлінді. Зияткерлік кезең барысында әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Заң мен Тәртіп» қағидатының мазмұнын, сондай-ақ Мемлекет басшысы бұған дейін оқуға ұсынылған шығармалардың ката-

рында атаған халық жазушысы Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романын білу деңгейлерін көрсетті.

Жарыс аяқталғаннан кейін эстрада әртістері мен әскери шығармашылық ұжымдардың қатысуымен мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Конкурс қорытындысы бойынша үздік деп 26363 әскери бөлімінің әскери қызметшісі Бақтұр Мұрат танылды. Екінші орынды 6654 әскери бөлімінің қатардағы жауынгері Арлан Асхат иеленді. Үшінші орынға 32363 әскери бөлімінің мерзімді әскери қызметшісі Казбек Кайнешов ие болды.

Біркатар әскери қызметшілер жекелеген номинациялар бойынша марапатталды. Жеңімпаздар мен номинанттар Бас әскери прокурордың атынан естелік сыйлықтармен марапатталды.

Әскери прокуратура органдары «Заң мен Тәртіп» идеологемасын насихаттау және жастарға патриоттық тәрбие беру бағытындағы іс-шараларды одан әрі жалғастыратын болады.

ҚР Бас прокуратурасының
баспасөз қызметі

АБАЙЛАҢЫЗ, АЛАЯҚ!

«Цифрлық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының, жасанды интеллекттің және мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік жүйесінің операторы болып табылатын «Ұлттық ақпараттық технологиялар» шұғыл хабарлама таратты.



ТЕЛЕФОН ҚОҢЫРАУЛАРЫ КӨБЕЙДІ

Алаяқтар eGov, құқық қорғау органдарының қызметкерлері ретінде өздерін таныстырып, азаматтарға электрондық цифрлық қолтаңбаның (ЭЦҚ) қолданылу мерзімі аяқталғанын хабарлайтын жалған қоңыраулардың жиілеп кеткені туралы ескертеді. Олар телефон арқылы ЭЦҚ мерзімін «ұзартуды» немесе «қайта шығаруды» ұсынады және азаматтардан SMS арқылы келген кодпен операцияны растауды сұрайды.

«ЭЦҚ-ны қайта шығару үшін бір ғана SMS-код жеткіліксіз екенін білу маңызды. Ол үшін белгіленген сәйкестендіру рәсімінен, оның ішінде биометриялық аутентификациядан өту қажет. Көбінесе алғашқы қоңырау алаяқтық схеманың бір бөлігі ғана болады. Оның мақсаты – азаматтың алаңдаушылығын туғызып, сеніміне кіру. Осыдан кейін өзін «қауіпсіздік қызметінің жұмысшысы» ретінде таныстырған екінші алаяқ қоңырау шалуы мүмкін. Ол

кандай да бір қауіптің бар екенін айтып, дербес деректерге, SMS-кодтарға немесе пайдаланушының құрылғысына қол жеткізуге тырысады.

eGov және 1414 байланыс орталығының, ХҚКО-ның, құқық қорғау органдарының қызметкерлері телефон арқылы SMS-кодтарды сұрамайтынын, ЭЦҚ кілтін немесе оған арналған парольді беруді талап етпейтінін атап өтеміз», – дейді «ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаментінен Анар Мағзумова. Оның айтуынша, азаматтар келесі қауіпсіздік шараларын сақтау керек. Атап айтқанда: үшінші тұлғаларға SMS-кодтарды және ЭЦҚ деректерін хабарламау; бейтаныс қоңырау шалушылардың нұсқауларын орындамау; күмәнді сілтемелерге өтпеу; белгісіз қосымшаларды орнатпауға және оларға өз құрылғыңызға кіруге рұқсат бермеу; ЭЦҚ-ның қолданылу мерзімін өз бетінше тексеруге және

тек ресми сервистерді пайдалану. Мұндай қоңыраулар келіп түскен жағдайда әңгімеге кіріспеу, сұхбаттасушыға құпия деректерді бермеу және құқық қорғау органдарына жүгіну ұсынылады.

Егер сіз алаяқтарға SMS-кодты хабарлап немесе ЭЦҚ деректерін беріп қойған болсаңыз, үрейленбеңіз. SMS-кодты алудың өзі ЭЦҚ-ны қайта шығаруға немесе несие рәсімдеуге мүмкіндік бермейді. Маңызды операцияларды жүзеге асыру үшін жеке тұлғаны қосымша растау, оның ішінде биометриялық сәйкестендіру қажет. ЭЦҚ-ның қолданылу мерзімін eGov Mobile мобильді қосымшасындағы «Профиль» – «Менің ЭЦҚ-ларым» бөлімінен, сондай-ақ pki.gov.kz сайтында авторизациядан өткеннен кейін «Менің ЭЦҚ кілттерім» – «ЭЦҚ кілттерінің тізімі» бөлімінен тексеруге болады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «RS Solution» ЖШС (БСН 171140020370) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Шепеткова көшесі, 63-үй.

4. «АВАНТАЖТРАНС» ЖШС (БСН 140840012199) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылдық округі, Шыңғырлау ауылы, Казахстанская көшесі, 2/2-үй.

5. «Bilimkana Almaty Technological School (Билимкана Алматы Технолоджикал Скул)» ЖШС (БСН 230240001309) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Қарасай батыр көшесі, 183/19-үй, тел. 8 771 800 01 82.

6. «Bizmo Cubes» ЖШС (БСН 151240002441) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 7-үй. Тел. +7 777 839 88 03

7. «Navi Eco» ЖШС (БСН 180540023814) (ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 8-ықшамауданы, 26-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 12-ықшамауданы, 35-үй, 5-пәтер.

9. «СнабИнвестГрупп» ЖШС (БСН 170240000505) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 141/5-үй, тел. 901554.

10. «Perfect works» ЖШС (БСН 170240009856) өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жетысу ауданы, Рыскулов даңғылы, 68А үй, тел. 7-707-722-35-05.

11. ҚР ҚМ «40275 әскери бөлімі» РММ (БСН 990840004687) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, әскери қалашық, 1/39-ғимарат.

12. Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы, Сәтбаев көшесі, 49 мекенжайында орналасқан (БСН 050240010667) «Құрылыс-су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны таратылатынын хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы, Сәтбаев көшесі, 34. Байланыс тел. 87184091404.

ӘРТҮРЛІ

3. «Алматы Жолдары» ЖШС (БСН 060340004747) 2026 жылғы 16 қазанда қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысын өткізеді. Жиналыс мекенжайы: ҚР, Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Алаш көшесі, 5В ғимарат, пошта индексі 04160. КҮН ТӨРТІБІ: «Алматы Жолдары» ЖШС қатысушыларына ірі қатысушылардың өздеріне тиесілі үлестерін үшінші тұлғаларға сату ниеті және үлесті сатып алудың басым құқығын жүзеге асыру тәртібі туралы ақпарат беру.

14. Жаз мезгілінде жәндіктердің көбеюіне байланысты қауіп-қатерлерден сақтану шаралары.
Жаз мезгілінде жәндіктерден сақтану.
Жаз мезгілінде ауа температурасының жоғарылауына байланысты маса, шыбын, ара, сона, кене сияқты жәндіктердің белсенділігі артады. Олардың кейбіреулері адамды шағып, аллергиялық реакция тудыруы мүмкін, ал кейбір жәндіктер инфекция қоздырғыштарын таратуы ықтимал.
Негізгі қауіп-қатерлер:
Маса – шағуы қышу мен ісінуге әкелуі мүмкін және кейбір ауруларды таратуы ықтимал.
Кене – шөпті және орманды жерлерде кездеседі, сондықтан табиғатта болғаннан кейін денені тексеру маңызды.
Ара мен аралас жәндіктер – шаққан кезде ауырсыну, ісіну, ал аллергиясы бар адамдарда ауыр реакция тудыруы мүмкін.
Шыбындар – тағамға қонып, микробтарды таратуы мүмкін.
Сақтану шаралары:
1. Табиғатқа шыққанда ұзын жеңді киім және жабық аяқ киім кию.
2. Орман, бұта және биік шөп арасында жүргенде абай болу.
3. Үйде терезелерге жәндікке қарсы тор орнату.
4. Жәндік шаққаннан кейін шаққан жерді қасмай, жағдайды бақылау.
5. Табиғаттан үйге келген соң киім мен денені, әсіресе кене жабысуы мүмкін жерлерді, мұқият тексеру.
6. Тамақ пен тәтті сусындарды ашық қалдырмау.
7. Ара ұялары немесе жәндіктер көп жиналған жерлерге жақындамау.
8. Жәндік шаққаннан кейін қатты ісіну, тыныс алудың қиындауы немесе өзін нашар сезіну байқалса, бірден ересек адамға айтып, медициналық көмекке жүгіну.
Жәндіктерден толық қорғану мүмкін болмаса да, қарапайым сақтық шараларын сақтау олардың шағуынан және ықтимал қауіптерден қорғануға көмектеседі. Жаз мезгілін қауіпсіз өткізу үшін табиғатта сақтық танытып, жеке гигиена мен қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының эпидемиолог көмекшісі: Б.Т. Полатова

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(712) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 - қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтішева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел.: 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (717) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривонова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолық 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, WhatsApp +7 708 027 4270

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

БАЙҚАУҒА!

Алматыда күрең күз. Тау бөктерінен ескен ызғарлы жел көше бойындағы сары алтынға боянған ағаштардың жапырағын сыбдырлата сыпырып, асфальт бетіне дедектете ұшырады. Қарбалас қаланың сабылысы артып, шамдар біртіндеп жана бастаған сәт.

ІІМ орталық спорт кешенінің залында сағат кешкі сегізден асқанда шамдардың жартысы өшірілген еді. Зал іші тыныш, тек бұрыштағы татами үстінен ауыр демалыс пен сирек аяқ дабысы естіледі. Полковник Абылай Әзімханұлы Қайсенов кілем үстінде соңғы жаттығуын аяқтап, шалқалай жата кетті. Көзін жұмып, маңдайынан

пиджагін киіп, Аружанмен бірге спорт кешенінің жанындағы кішігірім кофеханаға беттеді. Күзгі салқын ауа бойды сергіткендей болды. Кофехананың бұрышындағы үстелге жайғасқан соң, Абылай қызға ыстық шәй тапсырыс берді.

– Ал, Аружан, енді асықпай айтыңыз. Не болды? – Абылай қыздың көзіне тіке қарады.

Аружан алдындағы кесені екі қолымен ұстап, іштегі шерін ақтарды.

– Бәрі өткен жылы басталды, Абылай аға... Әкем өмір бойы мемлекет-

ішінен бір түрлі сыбдырлар естіледі, ағаштың иісі қолқаны қабады. Елдің бәрі «ол үй қарғыс атқан, тылсым күш бар» деп сыбырлайды. Мен де мистикаға сене бастадым.

Абылай кеседегі шайын ұрттап, ойланып қалды. Ол мистикаға да, қарғысқа да сенбейтін. Бірақ адам психологиясы мен қылмыстық схемаларды жақсы білетін.

– Аружан, қарғыс деген – әлсіз адамдардың жұбанышы. Ал қылмыскерлер кейде дәл осы «мистика» деген ұғымның тасасына жасырынғанды жақсы көреді. Ертең үйлеріңізге барып, көзіммен көрейін. Шынайы себепін таппайынша, қорытынды жасауға ерте.

бастады. Жүрегі айнып, тынысы тарылды. Абылай ағаш үйден сыртқа шығып, таудың таза ауасын терең жұтты. Басының ауырғаны сәл де болса басылғандай болды. Бұл үйдің ішінде әлдебір жұмбақтың барына күмәні қалмады. Төбеде қарғалар қарқылдап, топ-тобымен ұшып жүрді.

Полковник кофеханада Аружанмен қайта кездесті. Қыздың жанарындағы үрей полковниктің көңіліне түрлі ой салды.

– Аружан, маған отбасыңыздың төңірегіндегі адамдар туралы туыс-туған, көрші-қолаң жайында ашығын

ге өтті. Шафтарды ақтарып жүріп, Аружанның айтуы бойынша бұрышта тұрған, ішінде кептірілген ұсақ жапырақтары бар шыны құтыны тапты. Құтының қақпағын ашқанда, кәдімгі жалбыздың иісімен қатар, адамның басын айналдыратын әлдебір қышқылтым иіс бұрқ ете түсті.

Абылай құтыны арнайы пакетке салды. Сыртқа шығар алдында ол екінші қабатқа көтеріліп, баспалдақтың ең шеткі, көзге түспейтін тұсынан қалтасынан жиналмалы бәкісін алып, қарағайдың шағын ғана сынығын жонып алды.

Келесі күні таңғы сағат тоғызда Абылай қаладағы сот-медициналық сараптама орталығының бас маманы, ескі досы профессор Санжардың зертханасында отырды. Бөлме ішінен центрифуганың баяу гүілі естіліп, түрлі химиялық дәрілердің иісі шығады. Санжар ақ халатын киіп, Абылай әкелген екі түрлі айғақ затты – шөп салынған құты мен ағаш сынығын үстел үстіне қойды.

– Сен қашан көрсем де бір пәлені тауып әкелесің, Абылай, – деді Санжар көзілдірігінің астынан қуақылана қарап.

– Мыналар не?

– Біріншісі – тұрмыстық қылмыстың ізі болуы мүмкін. Ал екіншісі... екіншісінің не екенін өзім де білмеймін, достым. Екеуін де ең терең сараптамалық анализден өткізіп берші.

Төрт сағатқа созылған күтуден кейін Санжар кабинетіне Абылайды қайта шақырды. Профессордың жүзі байсалды болғанымен, сәл абдырағандай көрінді. Ол алдындағы екі қағазды нұсқады.

– Ал, Абылай, сенің түйсігің тағы да алдамапты. Бірақ оқиға сен ойлағаннан әлдеқайда күрделірек, – деп Санжар бірінші қағазды алды. – Мына шөптің құрамында кәдімгі тау жалбызынан бөлек, адамды масайтып, тыныштандыратын синтетикалық тұнба бар. Бұл жүректің жұмысын баяулатып, қан айналымын бұзады.

Абылай басын изеді. – Демек, Бауыржан отбасын біртіндеп улап, оларды физикалық тұрғыда әлсіреткен екен ғой. Ал екіншісі ше? Ағаштан не шықты?

Санжар терең күрсініп, екінші қағазды қолына алды. Оның дауысында таңғалыс пен үрей араласып жатты.

– Міне, нағыз сұмдық осы жерде... Абылай, мына ағаш сынығы, жай ғана құрылыс материалы емес. Мен оның жасушалық құрылымын зерттедім. Бұл қарағайдың діңіне ұқсағанымен, оның бойында табиғатқа жат элемент бар. Ағаш жасушалары қоршаған ортаға өте күшті газ бөледі. Ол ауаға тарағанда адамның орталық жүйке жүйесін зақымдап, мидағы үрейді оятып, күйзеліс тудырады. Мұндай ағаш тек радиоактивті немесе өте улы топырақта, «өлі» аймақтарда ғана өсуі мүмкін. Кім болса да, бұл үйді салған кезде осы ағаштың қасиетін жақсы білген.

Абылай Санжарға рақметін айтып, соңыра қайталап соғатынын ескертіп, зертханадан шыққан бойда бірден Бауыржанды іздеп тапты. Полковник сөзбұйдаға салынған жоқ. Келе сала Бауыржанды тықсыра жөнелді.

– Сенің шөптеріңнен не табылғанын білесің бе?! – деді Абылай тістене. – Синтетикалық қоспа! Сен өз туысыңды байлық үшін улауға дайын алаяқсың!

Бауыржанның көзі шарасынан шыға жаздады, буыны босап, қалтырап кетті.

– Абылай Әзімханұлы... Иә, мен оларға ұйқы шақыратын, бас айналдыратын дәрі қостым. Келісімшартқа ес-түссіз қол қоюын қаладым... Бірақ мен оларды өлтірген жоқпын! Ант етейін! Ол үйде түнде қабырғалар дем алады, қарағайдан өлген адамның иісі шығады! Үйге соңғы барғанымда өзім де есімнен ауа жаздадым... Мен жай ғана пайда іздеген адаммын, маған ол үйдің жұмбағының қатысы жоқ!

Аршын НҰРБАҚЫТ
(Жалғасы бар)

КӨЛЕНКЕДЕГІ ТАМЫР

сорғалаған ащы терді шыт орамалымен сүртті.

Жасы қырық беске келсе де, денесі әлі де темірдей ширақ. Жас кезінде грек-рим күресінен спорт шеберіне үміткер болған жылдары сүйегіне сіңген тәртіп әлі бар. Бірақ соңғы кезде Астана мен Алматының арасындағы аяқталмайтын іссапарлар, күрделі қылмыстық істер, түн жарымына дейін созылатын жиындар шаршатпай қоймайды. Әсіресе, соңғы үш аптада бел омыртқасы мен оң иығы сыздап, денесі «жұмысты азайт» дегендей сигнал беріп жүрген.

«Айша айтып еді-ау, дәрігердің сөзін тыңдамаймыз...» деп іштей жымыды Абылай. Жұбайы Астанадағы үлкен ауруханада кардиолог болып істейді. Екеуі күнде кешкісін телефонмен сөйлеседі. Ол Абылайдың тамағын уақытылы ішпейтінін, ұйқысының қанбай жүргенін дауысынан-ақ біліп қоятын. Алматыға келерінде кіші қызы Еркеназдың «Әке, маған алдыңғы жолғыдай таудың қарақаты мен алма арасанның алмасын әкелші!», – деп еркелегені есіне түскенде, полковниктің шаршаңқы жүзіне жылылық жүгірді.

Абылай орнынан баяу көтеріліп, сүлгіні иығына тастады. Киім ауыстыратын бөлмеге беттей бергенде, залдың киім шешетін бұрышындағы орындықта отырған бойжеткенге көзі түсті.

Залға жаттығуға келетін қыздарға ұқсамайды. Үстінде жұқа күзгі плащ. Жинақы, сұңғак бойлы, бірақ жүзі солыңқы. Жанарында бір терең азап пен үрей ұялағандай, полковниктің әрбір қимылын сырттай тосып отыр екен.

Абылай бойжеткенге жақындады. Үлкен-кішіге құрметпен қарау – оның қанына сіңген қасиет.

– Кешіріңіз, бойжеткен... Сіз бір нәрсе сұрайын деп отырсыз ба? – деді Абылай дауысын жұмсартып.

Қыз орнынан атып тұрды. Оның саусақтары кішкентай сөмкесінің бауын умаждай ұстап, дірілдеп кетті.

– Абылай Әзімханұлы... Кешіріңізші, сізді мазалағаным үшін. Мен... мен Астанадағы полиция департаментінде істейтін туысканымнан сұрап білдім. Ол кісі: «Алматыда күрделі істер бойынша полковник Қайсенов бар. Мен ол кісінің мінезін білемін, егер істің артында әділетсіздік тұрса, Абылай аяғына дейін жеткізеді. Сондықтан соған бар», – деді...

Абылай сәл тосылып қалды. Өзі туралы мұндай сөздерді естігенде ол әрдайым ынғайсызданатын.

– Сабыр етіңіз. Ертегідегі батыр емеспін, жай ғана өз жұмысымды істейтін полиция қызметкерімін. Есіміңіз кім болады?

– Аружан... Менің есімім – Аружан. – Ал, Аружан, мына жерде тұрмай, дәлізге шығайық. Сәл күте тұрсаңыз, мен киініп шығайын. Тыныш жерде сөйлесейік.

Он минуттан соң Абылай үстіне



тік қызметте адал еңбек етті. Зейнетке шығуға аз қалғанда, жиған-терген қаржысына Медеу ауданынан, тау бөктерінен үй сатып алды. Екі қабатты, қарағайдан жана үлгіде салынған сәулетті өте әдемі саяжай еді. Әкемнің бала күнгі арманы болатын... Бірақ сол үйге көшіп кіргеннен бақытсыздық бірінен соң бірі басталды.

Аружан тоқтап, көзіне жас алды. Абылай үнсіз тыңдап отыр.

– Алдымен... физикалық қуаты мығым, денсаулығында ешқандай кінәраты жоқ жылғырма бес жастағы ағам кенеттен ұйқысынан оянбай қалды. Дәрігерлер «жүрек талмасы» деді. Бірақ оның жүрегі ешқашан ауырмаған! Арада төрт ай өткенде, әкем есін жоғалта бастады. Содан көп ұзамай үйдің баспалдағынан құлап... басы жарылып көз жұмды. Ал өткен аптада анам... анам да аяқ астынан есінен танып, аурухананың психикалық бөліміне түсті!

– Сараптама не деді? Полицияға арыз жаздыңыздар ма?

– Жаздық! Аудандық полиция бәрін «кездейсоқ бақытсыз жағдай» деп жапты. Баспалдақ тайғақ болған, ал ағаныздың жүрегінде туа біткен ақау болуы мүмкін деген жауап айтты. Бірақ мен сенбеймін! Өзім жұмысыма байланысты ата-анамнан бөлек тұрамын.

Анда-санда барғанымда түнде үйдің

Келесі күні түске таман Абылай Медеу бөктеріндегі Аружан көрсеткен мекенжайға келді.

Күн бұлыңғыр еді. Тау ішінен баяу жылжыған қою тұман ағаштан салынған еңселі саяжайдың шатырын бүркеп алыпты. Сырттай қарағанда, бұл үй – нағыз сәулет өнерінің туындысы. Қарағайдан қиып салынған, терезелері үлкен, табиғатпен астасып жатқандай әсер береді.

Абылай ауланың темір қақпасын ашып ішке кірді. Есікті сәл бұрын келген Аружанның өзі ашты. Үй іші суық, адам тұрмаған соң сыз тартқан. Полковник баспалдақпен жоғары көтеріліп, әрбір бөлмені асықпай аралай бастады. Ол криминалист ретінде тек көзбен қарап қоймай, түсін де, иісін де сезуге тырысатын. Расымен де, үйдің ішінде ерекше, ауыр, адамның еңсесін басатын атмосфера бар еді.

Абылай қалтасынан кішкентай лупасын алып, қабырғаға қапталған ағаш талшықтарына үңілді. Одан соң Аружанның әкесі құлап қаза тапты деген баспалдаққа барды. Баспалдақтың ағашы да дәл сондай материалдан жасалған. Қолмен ұстап көріп еді, ағаш беті өте тегіс, бірақ саусаққа майлы бір зат жұғатындай білінді.

Үйдің ішінде жарты сағаттай жүрген соң, Абылайдың өзінің де басы зекіп, шекесі қысылғандай ауыра

айтыңызшы. Араларыңызда өш-қас болған, немесе мал-мүлікке таласқан адамдар болмады ма? – деді Абылай дауысын барынша жұмсартып.

Аружан алдындағы кесені сау-сағымен айналдыра берді. Сәлден соң ауыр күрсініп, шындықтың шетін шығарды.

– Бір адам бар... Әкемнің немере інісі Бауыржан деген ағам. Ол кісі ақшаға өте құмар. Әкем Медеуден мына үйді сатып алғанда, Бауыржан ағам сол үйдің құжаттарын кепілдікке қойып, несие алу үшін әкеме талай рет қолқа салған. Әкем келіспеді. Бірақ ол біздің үйден шықпайтын болды. Тіпті, ағам мен әкемнің қазынасының қарсаңында ол бізге арнайы келіп, «мынау таудың емдік шөптері, қан қысымын реттейді, жүйкені тыныштандырады» деп, өз қолымен шай демдеп беріп жүрді. Сол шайдан кейін ағамның да, әкемнің де бастары мең-зең болып, бойларынан күш кеткендей болды... Абылай аға, мүмкін... мүмкін сол шайдың ішінде бірдеңе болған шығар?

Абылай блокнотына «Бауыржан – шөп тұнбасы – мұра» деп жазып қойды.

Кофеханадан шыққан бойда, Абылай түннің салқынына қарамастан, Медеудегі қаралы үйге қайта тартты. Үйдің іші қаранғы, ауасы бұрынғыдай ауыр, танауды жыбырлатардай қоныс-сық иіс бардай сезілді. Ол тікелей асуй-

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІ ШЕКТЕҮЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6414 дана
Апталық таралым 12828 дана

Тапсырыс № 137 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31